Қатысымдық мақсатқа құрылуына байланысты мәтіндер көркем шығармалардан алынған үзінділермен толықтырылатыны назардан тыс қалмау керек. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқытуда қойылатын басты талаптар ретінде: қазақ тілінде кез-келген тақырыпта еркін сөйлеу; қазақ тілінде сауатты жазу әдет-дағдыларын қалыптастыру; мамандыққа сәйкес білімді игеріп, қазақша тілдесу деңгейінде сөйлесе білуге мүмкіндік жасау және оны ары қарай дамыту; қазақ тілінде ауызекі тілде дұрыс сөйлесуге, оқылым мен айтылымға төселту; тіл үйренушінің жалпы тұлғалық әдебін, шығармашылыққа бейім болмысын, сауаттылыққа мән беретін жас тұлға деңгейіне көтеру; қазақ елінің тарихы мен мәдениетін ұлттық деңгейде таныту; ұлттық ерекшелікке мән беріп, құрметтеуге бағыттау әрекеттері жатады. Осы талаптар қағаз

жүзінде ғана емес, оқытушының шынайы ниетіне сәйкес жүзеге асса, қазақ тілінің мәртебесі аса түсеріне дау жоқ. Сонда он бір жыл мектепте қазақ тілін оқып, шала-пұла сөйлеп келетін, қазақ тілінен бестік бағаны алуды оңай көретін балалардың санасы бір серпілер еді.

Жоғары оқу орындағы орыс топтарына жүргізілетін қазақ тілі курсының өзіндік ерекшелігі болады. Мектеп бағдарламасынан меңгеріп келген тілдік дағдылары мәтіндер арқылы дамытылғаны жөн. Ең алдымен ғылыми стильге негізделген коммуникативтілігін қазақ тілінде қолдана білуі, оған қоса танымдық, ақпараттық, ғылыми мақалаларды оқып, талқылай алудағы біліктілігін өз бетінше жетілдіріп отыруы керек. Студенттер мақаладағы басты ойды, көтерілген мәселені, өзектілікті, автордың оқырманға жеткізгісі келетін негізгі пікірін, түйін сөздерді, осы тақырыпты ашар әдебиеттерді де оқып, түйсінуі тиіс. Сол мәтінде көрсетілген ақпараттың түпкі себебін, автордың айтпақ ойын, өмірге орайлас мазмұнын анықтап, қорытындыны сараптай білуге, оң мен теріс жағдаяттарды ажыратуға және өз қажеттілігіне жұмсауды үйренуі шарт. Осылайша білім алушылар қазіргі заман ағымынан қалыспай, өзіндік ізденісін жетілдіруге, ақпараттық-технологиялық дәуірдегі ішкі «мен» деп аталатын болмысын дамытуға, шын мәніндегі қазақ елінің білімі мен мінезі келіскен жастары болуға ұмтылғаны жөн.

Шығармашылыққа баулитын тапсырмалар студенттердің қызығушылығын тудыратындай болуы шарт. Мысалы, сабақ басталар алдында оқытушы аптадағы ең маңызды деген жаңалықты топтан сұрауына болады. Біреулері спорттағы жаңалықты, екіншісі әлемдегі экологияны, тағы біреуі еліміздегі валюта бағамының көтерілгенін (немесе төмендегенін), тағы бірі саяси хабарларды айтып беруі мүмкін. Сондай кездерде оқытушы өзі маңызды деп санаған бір жаңалықты бастап, ары қарай топ студенттеріне жалғастыруды тапсырып, бірін бірі қайталамауын, өзіндік ойын айтуына мүмкіндік беруі керек. Қызықты, танымдық тапсырмалар белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған проблемалық ізденушілік, ғылыми мақсатты, өзіндік көзқарасты, дұрыс пайым жасауды талап етеді. Бұл тәсіл студенттердің тілді меңгерудегі ынталылық пен өзіндік ой қорыту, топ арасында белсенді болу, ақпаратты дұрыс сараптай білуіне жағдай жасайды. Үлгі ретінде мынадай мәтін алайық:

«Стивен Хокинг – адамзат баласының біз өмір кешіп жатқан дәуіріндегі ұлы перзенттерінің бірі. Оның тіршілікке деген құштарлығы еріксіз таң қалдырады және жаныңа жігер береді. Денесінің жартысынан көбін қозғалта алмайтын Стивен дауыстап сөйлей де алмайды. Ғұмырының үлкен бөлігін орындыққа таңылумен өткеріп келе жатқан данышпан физик «Менің қысқа тарихым», «Уақыттың қысқаша тарихы» атты кітаптарын семіп қалған саусақтарына қарындаш қыстырып, жазып шыққан. Ол бұл кітаптарында ғаламшар ғұламаларын ғасырлар бойына толғанып келе жатқан және адамның ақылы жете бермейтін астрофизика құпиялары жайында бұрын-соңды еш пенде айтпаған, бірде бір ғалым ашпаған жаңалықтар берген.

Стивен аз ғана жылдың мөлшерінде әлемнің ірі университеттерінің оқу бағдарламаларын үйінде отырып-ақ зердесіне сіңіре білген. Жетпіс жастан асқан Стивен Хокинг ғарыш ғаламына үйінде отырып шолу жасайды. Өз бөлмесіне орнатылған аспан әлемін зерттеу құралдары арқылы алыс ғарыштарға көз салып, дауыс синтезаторларының жәрдемімен сөздерін таспаларға жазумен айналысады. Данышпан физиктің ең басты зерттеу нысаны – адамзат баласы үшін жұмбақ күйінде қалып келе жатқан біздің Күн жүйесінен және жақын галактикалардан да тыс жатқан қара

құрдымдар (черная дыра) және адамзаттың өзге ғаламшарларға болашақта қоныс аудару мүмкіндіктері.

Жер бетіне сыймай, өзара қырқысулардан көз ашпай, тіршіліктегі аз ғана өлшеулі ғұмырларын айтыс, тартыстармен өткізіп жүрген адамдарға ұлы данышпан физиктің таң қалатын жөні бар.

– Адамзаттың Жаратушы сый еткен ғаламшары – жер бетіндегі ғұмыр сүруінің қалпына қарап қарным ашады. Олар Жер-анасын сыйламайды. Адам тойымсыз пиғылдан туған әрекеттерімен енді өзінің ғана емес, планетадағы тіршілік түрлеріне, жан иелеріне де қатер төндіре бастады. Сондықтан, жасыл планетамыз енді он ғасырдан соң ресурстарын тауысады. Содан соң, алыс болашақтағы ұрпақтарымыз басқа планеталарға қоныс аударуға мәжбүр болады. Адам баласы енді ғылым мен оның жетістіктерін қазірден бастап Ай секілді жерге жақын, әрі мұзы бар көрші ғаламшарларға көшіп барудың қамына арнауы керек. Әйтпесе, келер замандарда адам уақыт кеңістігіндегі ғұмыр сүруін тоқтатады, – дейді ол.

Әйгілі физик жер ресурстарын сақтау, адамзаттың даму барысы, ғаламшарда болатын өзгерістер туралы ғажайып ойлар айтады. Оның тән мүмкіндігі шектеулі болса да, рухани, ой, білім мүмкіндігі орасан. Осындай ұлы тұлғаның қажымас қайратына еріксіз тәнті боласың» [5, 68].

Мәтінді оқып болған соң, сұрақты оқытушы емес, студенттер дайындасын. Себебі жүйелі, ойлы құрастырылған сұрақтар білім алушылардың тіл меңгеру дағдысына орасын ықпал етеді. Еркін сөйлейтін жастардың өзі сауатты дайындалған сұрақты жылдам құрастыра алмайды. Бұл тұста оқытушы «иә» немесе «жоқ» деп қана жауап беруге болатын сұрақ қойылмауын ескертуі керек. Жауап алынғаннан кейінгі тапсырма «Қазіргі әлем болмысы: жаһандық жылыну» деген ойталқы болсын. Бұл тұста түрлі қысқаша видеоларды назарға алуға, оларды көргеннен кейінгі ой түйю, сыни пайым жасау дағдысын жетілдіруге мән берілгені жөн. «*Стивен Хокинг болжағандай*», «*Ұлы ғалымның пайымдауынша*», «*Адамзатқа ескерткеніндей*» деген сөздік оралымдарды қолдана білуіне де ерекше мән беру қажет. Студенттерден мәтіндегі қазақ халқына тән тілдік құрылымдарды жадына сақтау керектігі, солардың баламасы қандай болатыны айтылғаны абзал. «*Семіп қалған саусақтар*», «*қара құрдымдар*», «*өзара қырқысудан көз ашпау*», «*өлшеулі ғұмыр*», «*қажымас қайрат*» деген сөз тіркестерін қалай түсінгенін сұрап, қажет болса, таркытып түсіндіру де керек. Осындай тапсырмалар мен жаттығулар жүргізілгенде ғана өздік жұмыстың нәтижесі оң болады.

Қазіргі жастар әлеуметтік желіде көп уақыт өткізетіні жасырын емес. Олар еліктеп жүрген, үнемі көріп, тыңдайтын «тұлғалары» бар екені де аян. Олар көбіне блогерлер, өнер адамдары, танымал спортшылар, саяси қайраткерлер, тағы басқалар болуы мүмкін. Ал сіз қазақ халқының дарынды жастары туралы ақпарат жинауды тапсырыңыз.

Мысалы, топқа Димаштың отбасы туралы айтқан ойлары, оның әншілік дарыны, қазіргі қол жеткізген табыстары, алдағы жоспары туралы хабарды көру ұсынылды. Соны көргеннен кейін студенттер қандай ой түйді, нені түсінді, нені мақсат етті деген сұрақтарға жауап берсін. Оған қоса «*қазақылық*», «*ұлтжандылық*», «*тектілік*», «*қарапайымдылық*», «*бекзаттық*», «*намысшылдық*», «*ілтүпат*», «*шынайы болмыс*» секілді көптеген сөздердің мағынасын түсіндіру, оны Димаш бойынан таба алды ма, егер «иә» деп жауап берсе, қандай мысалдар келтіруге болатынын сұрай отырып, дәлелдерге жүгіну керек. Осындай кешенді жұмыстар білім алушының өз көзқарасын сауатты, әдеби, толыққанды айта білуіне жетелейді.

Бүгінгі күні түрлі әлеуметтік желілердегі ақпаратты сараптай отырып, оқыту үдерісінде дұрыс қолдана білуге болады. «Білім беру үдерісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздесе, білім беруді ақпараттандыру бұл танымдық іс-әрекетті қайта құру үшін және білімгерлердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейтуге арналған жағдайды құру мақсатында микропроцессорлық техника мен ақпараттарды тарату құралдарының, сондай-ақ осы құралдарға негізделген педагогикалық технологияның базасында ақпаратты жинау, өңдеу, тарату және сақтау әдістері мен құралдарын педагогикалық практикаға жаппай енгізу болып табылады» [6] деген пікір маңызын жоймайды.

Өздік жұмысқа эссе жазуды ұсынудың артықшылығы көп. Білім алушы нақты тақырып аясында ең алдымен ойын жүйелеп алуға, логикалық байланысты үзбеуге, тілдегі экспрессивті-эмоционалды сөздерді орнымен қолдануға, өз пайымы мен мазмұн бойынша қорытынды жасауға дағдылана бастайды. Мысалы, «Кішіпейілдіктен адам кішіреймейді» деген тақырыпта эссе жазу берілсін делік. Сіз үлестірме қағаздар арқылы мыналарды таратыңыз.

Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.

Жоспар 3 бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе – тақырып бойынша мәселе өзектілігі жазылады;
2. Тақырып мазмұнына сай негізгі ақпарат беріледі, өз ойы дәлелденеді;
3. Қорытынды тақырып бойынша ой түйіні жазылады.

Үлгі ретінде жоспар:

1. Алуан-алуан мінез бар
2. Отбасындағы татулық – жақсы тәрбие бастауы
3. Байлықтың түрі көп, ал мінез байлығы – ең асыл қасиет

Келесі тапсырма:

Жоспарға сәйкес эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдалану қажет.

Эссе жазу уақыты – 40-45 мин.

Эссе көлемі 30-35 сөйлемнен кем болмауы тиіс.

Тірек сөздер мен сөз тіркестері: «Бала тәрбиесі – бесіктен» дейді халқымыз, жақсы мінезді дәріптеп, жаман мінезді әжуалай білген, дүние байлығы – қолға ұстаған мұз, мінез байлығы – адам баласының ұмтылар биігі, кішіпейілділік пен тәкаппарлық, өр кеуде мен қарапайымдылық, адал достық мінезден туады, ұлық болсаң, кішік бол, шынайылық пен қарапайымдылық, жастарға үлгі, т.б.

Қыстырма құрылымдар: Әлбетте, неге десеніз, расында, ең алдымен, меніңше, сөз жоқ, олай дейтініміз, амал қанша, мүмкін.

Шылаулар: алайда, немесе, сол себепті, кейде, не болмаса, өйткені, біресе, әйтпегенде, ғана, тек, сондықтан, т.с.с.

Бұндай эссе түрлері білім алушыларға қазақтың көркем сөз үлгілерін бойына сіңіруге ықпал етіп қоймайды, сөз саптау, бейнелі ой мазмұнын құрауға да дағдыландырады. Себебі эссені жазу барысында мәтін құралады. Ал мәтін құрастыра білу дегеніміз – білім алушылардың сөйлеу икемділіктерімен қоса, көркем ойлау дағдысы дамыту.

Қорытынды

Ұсынылған ойларымызды түйіндей айтқанда, оқытуды өздік жұмыстарды шығармашылықпен меңгеруге баули отырып ұйымдастыру – бұл өзін-өзі тілдік дамыту және білімді тиянақты меңгеру деңгейін көтеру. Тұлғаны дамытуға бағытталған қазіргі заманғы білім беру жастардың әлеуметтік-мәдени және рухани қажеттіліктеріне орай бейімделеді. Қазақ тілін оқытудағы әдіс-тәсілдер, тілді терең игерту талабы жоғары болса, оны меңгергендер қатары көбейсе, онда ана тіліміздің ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан ғажайып сөздік мұрасы, лексикалық қоры, поэтикалық тіркестері, қанатты сөздері, астарлы мазмұны, шешендік өнері, тіл тазалығы, барлығы да білімпаз жастарға асыл мұра боп қала берері сөзсіз.

Әдебиет:

1. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру/ Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. – Астана: ҚРБҒМ «Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, 2014. – 28 бет.
2. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1, 2, 3, 4 кітап. - Алматы: Еверо, 2018.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Ернарарова З.Ш. Эссе түрлері. – Алматы, 2019. – 80 б.
5. Аупбаев Ж. Бізге беймәлім бейнелер. Алматы, 2000.
6. <https://melimde.com/bilim-berudegi-aparatti-tehnologiyalar.html>.

Әдебиет:

1. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тилдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру/ Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты.– Астана: ҚРБҒМ «Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, 2014. – 28 бет.
2. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1, 2, 3, 4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Ернарарова З.Ш. Эссе түрлері. – Алматы, 2019. – 80 б.
5. Аупбаев Ж. Бізге беймәлім бейнелер. Алматы, 2000.
6. <https://melimde.com/bilim-berudegi-aparatti-tehnologiyalar.html>.

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-40-52

ЭОЖ 376

ҒТАМА 14.29.01

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ
ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТІ****Кабдырова А.А., Кенжебекова Е.М.***Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан***Аңдатпа**

Қазіргі кезде ерекше білімді қажет ететін балаларды ортаға бейімдеу барысында инклюзивті білім беру жүйесі ұйымдастырылған. Бұл процесс әлемде және елімізде өте өзекті болып отыр.

Инклюзивті білім беру жағдайында отбасы мен мектептің өзара іс-әрекеті атты мақаланың негізгі мақсаты болып ерекше білім беруді қажет ететін баланы тәрбиелеп отырған ата-ана мен білім беретін орта мектеп ұжымы арасындағы тығыз байланысты орнату, мектеп педагогтарымен сенімді әрі берік қатынасты ұйымдастыру болып табылады.

Инклюзивті білім беру жүйесіне қатысушы негізгі субъект бала, мектеп ұжымы және ата-ана.

Ерекше білімді қажет ететін баланы оқытуда, баланы ортаға бейімдеуде айрықша орын алатын тұлға ата-ана болып есептеледі. Осы орайда, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмекті мектеп ұжымы ұйымдастырады. Мамандардың (педагогтар, психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог) өара бірлескен іс-қимылы баланың дамуында орасан зор септігін тигізеді.

Түзете-дамыту сабақтары барасында ата-аналардан баласы туралы жеке ақпараттар алынады, ата-аналарға арналған арнайы кеңестер беріледі. Ата-аналар баланың түзете-дамыту сабақтарына белсенді қатысып, сабақтан тыс уақыттарда (үйде зерттелген материалды бекіту, дәрі-дәрмекпен емдеу) мамандарға ілесе қайталау сабақтарын жүргізіп отыруы шарт.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, тренинг, отбасы, мектеп ұжымы, ерекше білімді қажет ететін бала.

**ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СЕМЬИ И ШКОЛЫ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ****Кенжебекова Е.М., Кабдырова А.А.***Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан***Аннотация**

В настоящее время в процессе адаптации детей с особыми образовательными потребностями к среде организована инклюзивная система образования. Этот процесс очень актуален в мире и стране.

Основной целью статьи «взаимодействие семьи и школы в условиях инклюзивного образования» является установление тесных связей между родителями, воспитывающими ребенка с особыми образовательными потребностями, и коллективом образовательной средней школы, организация доверительных и прочных отношений с педагогами школы.

Основным субъектом, участвующим в инклюзивной системе образования, является ребенок, коллектив школы и родитель.

Родителем считается лицо, занимающее особое место в обучении ребенка с особыми образовательными потребностями, адаптации ребенка к окружающей среде. Психолого-педагогическая помощь родителям организуется коллективом школы. Совместная деятельность специалистов (педагогов, психологов, логопедов, дефектологов, социальных педагогов) оказывает огромное влияние на развитие ребенка.

При проведении коррекционно-развивающих занятий от родителей получают персональную информацию о своем ребенке, даются специальные консультации для родителей. Родители должны принимать активное участие в коррекционно-развивающих занятиях ребенка, проводить повторные занятия во внеурочное время (закрепление изученного материала на дому, медикаментозное лечение).

Ключевые слова: инклюзивное образование, тренинг, семья, коллектив школы, ребенок с особыми образовательными потребностями.

INTERACTION OF FAMILY AND SCHOOL IN THE CONTEXT OF INCLUSIVE EDUCATION

Kenzhebekova У.М., Kavdyrova А.А.

Kazakh National women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan

Abstract

Currently, an inclusive education system is organized in the process of adaptation of children with special educational needs to the environment. This process is very relevant in the world and in the country.

The main purpose of the article «interaction of family and school in inclusive education» is to establish close ties between parents raising a child with special educational needs and the staff of an educational secondary school, the organization of trusting and strong relationships with school teachers.

The main subject participating in the inclusive education system is the child, the school staff and the parent.

A parent is a person who occupies a special place in the education of a child with special educational needs, adaptation of the child to the environment. Psychological and pedagogical assistance to parents is organized by the school staff. The joint activity of specialists (teachers, psychologists, speech therapists, speech pathologists, social educators) has a huge impact on the development of the child.

When conducting correctional and developmental classes, parents receive personal information about their child, special consultations are given for parents. Parents should take an active part in the correctional and developmental activities of the child, conduct repeated classes outside of school hours (fixing the studied material at home, medical treatment).

Keywords: inclusive education, training, family, school staff, a child with special educational needs.

Кіріспе

Кез-келген қоғамдағы және кез-келген әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдағы балалар мен жасөспірімдердің дамуы өзекті мәселе және бірінші кезектегі мәселе болып табылады, өйткені ол болашақты анықтайды, елдің гендік қоры, қоғамның ғылыми және экономикалық әлеуеті және басқа демографиялық көрсеткіштермен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының барометрі болып табылады.

Балалардың толыққанды дамуын сақтау жөніндегі жұмыстың маңыздылығы халықаралық және отандық деңгейдегі көптеген құжаттарда көрініс тапқан. Бала құқықтары туралы Конвенцияның 6-бабында әрбір баланың өмір сүруге құқығы бар екенін көрсетеді.

Көптеген ғалымдар балалардың дамуы мәселесін зерттеген болатын. Атап айтсақ, физиологиялық жағынан Н.А. Берштейн, А.А. Ухтомский, психологиялық мәселелермен А.В. Запорожец, В.П. Зинченко, В.Т. Кудрявцев, педагогикалық тұрғыда баланы зерттеген Л.С. Выготский, Л.Н. Волошина және де философиялық зерттеулермен Э.В. Ильенков, Ю.Ф. Змановский сынды ғалымдар өз еңбектерінде айтып кеткен [1].

Тиімді білім беру процесінің маңызды факторы мен шарты-оның субъектілерінің өзара әрекеті. Өзара іс—қимыл-бұл бірлескен мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу, қатысушылардың өздері үшін маңызды проблеманы немесе міндеттерді шешуі бойынша келісілген қызмет. Инклюзивті білім беру жағдайында мемлекеттік білім беру стандартында принциптердің бірі отбасымен серіктестігін жүзеге асыруды қамтиды.

Баланы толыққанды тәрбиелеу отбасы мен білім беру мекемесінің бір мезгілде әсер ету жағдайында жүреді. Мектеп мен отбасы арасындағы ең алдымен диалог, әдетте, сынып жетекшінің баланың жетістіктерін, оның жағымды қасиеттерін көрсетуі

негізінде құрылады, одан кейін ата-аналардың сынып жетекшінің белсенді көмекшісіне айналуы үшін оларды мектеп өміріне тарту қажет [2, 3, 4].

Отбасы қоғамның негізгі әлеуметтік бірлігі ретінде адамдарды біріктіреді, ұрпақты тәрбиелеуді, тұлғаның танымдық, еңбек қызметін реттейді. Отбасы-жеке тұлғаны қалыптастырудағы негізгі, шешуші қадам.

Оқу процесіне байланысты мәселелерді оқу орнының мамандары, психолог, логопед және т.б. шешеді, бірақ «ерекше» бала мен оның отбасының қиындықтары көбінесе олардың қиындықтары болып қала береді. Шешім таппай, олар мұндай оқушының білім беру ортасы мен балалар тобынан кетуіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде мұндай инклюзияның әрбір қатысушысы өзін зардап шеккен тарап деп атай алады. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың тиімділігі ата - аналардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейімен тікелей анықталатыны белгілі, бұл олардың өз баласының даму ерекшеліктері, психикалық даму сапасының негізгі сипаттамалары және олардың жас нормаларына сәйкестігі, эмоционалды-позитивті қарым-қатынас, ойын әрекеті және т. б. Сонымен қатар, «ерекше» баланың ата-аналары өзін-өзі күту дағдыларын да, әлеуметтік дағдыларды да қалыптастыруға ықпал ететін білім беруді дамытудың негізгі құралдары мен тәсілдеріне бағытталуы керек.

Алайда, дамуында ауытқулары бар бала үшін жалпы білім беретін мектепті таңдаған ата-аналар күтпеген жерден өздері үшін әртүрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін. Л.В. Годовникованың пікірінше, инклюзивті білім беруде әр түрлі қиындықтар кездеседі. Қиындықтар «кадрлардың ерекше оқушылармен жұмыс істеуге дайындығының жеткіліксіздігі, балалардың әртүрлі топтарының психикалық сәйкес келмеуі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың жаппай оқу орнының жағдайларына дайын болмауы» болып табылады [5, 6].

Осындай сәтте қолдау бірнеше кезеңнен тұрады:

- диагностикалық (проблеманың себептерін анықтау және оларды шешу жолдарын таңдау, отбасылардың қажеттіліктерін, қабілеттерін анықтау);
- консультативтік-проекттік (процестің барлық қатысушыларымен проблемаларды шешу тәсілдерін талқылау, жұмыс жоспарын құру, әдістерді таңдау, көмектің жеке траекториясын әзірлеу);
- әрекеттік кезең (педагогтарға, ата-аналарға, балаға жұмыс жоспарын іске асыруға жәрдемдесу);
- рефлексивті кезең (сүйемелдеуді жүзеге асыру нәтижелерін түсіну) [7, 8].

Осыған орай зерттеу мақсатымыз инклюзивті білім беру жағдайында мектеп ұжымы мен ата-ана арасындағы байланысты қалыптастыру негіздері болды.

Негізгі бөлім

Ауытқулары бар баланың дүниеге келуі әрқашан отбасы үшін стресс болып табылады. «Ерекше» баланы тәрбиелеу және дамыту мәселесі отбасы үшін қолайсыз болады, ал ата-аналар психологиялық қиын жағдайға тап болады: олар ауырсынуды, қайғы-қасіретті, кінә сезімін сезінеді және жиі үмітсіздікке ұшырайды. Мұндай отбасыларға жан-жақты психологиялық-педагогикалық көмек қажет.

Әйгілі балалар жазушысы Л. Кассиль өз еңбегінде отбасы мек мектеп ұжымының өзара тығыз қарым-қатынасын сөз еткен. Атап айтсақ, мектеп және отбасы іс-әрекеті бір-біріне теңіз суы мен құрғақ жағалау секілді тығыз байланыста болуы шарт. Сонда ғана баланы тәрбиелеу, оқыту және ортаға бейімдеу процесі алға қарай жылжып, өз нәтижесін береді деген болатын. Жазушының сөзінен мұғалімді бағыт-бағдар беруші, жол сілтеуші деп қарасақ, ата-аналарға қолдаушы, демеуші деп қарасақ қате емес.

Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі мәні болып ерекше білімді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен қатар оқытып, тәрбиелеп, әлеуметтік ортаға бейімдеу болып табылады. Сонымен қатар балалардың бойында адамгершілік, ізеттілік, өздеріне деген сенімділік пен ынта-жігерді қалыптастыру да көзделген.

Қандай да бір жүйенің өзіне тән мәселелері болатынын да ескергеніміз жөн. Инклюзивті білім беру жүйесінде баланы ортаға бейімдеуде әлеуметтік мәселелер, баланы оқыту барысында кездесетін педагогикалық мәселелер және де баланың кеңістікті бағдарлауы кезіндегі техникалық мәселелер туындайды. Аталған мәселелер кез келген мектепте, білім беру процесі барысында кездеседі. Мұндай жағдайларды шешу, алдын алу жолдары мектеп әкімшілігі мен ұжымына тапсырылады.

Қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан инклюзивті білім беру жүйесі барша ата-аналарға тиімді, пайдалы әрі қолжетімді болып отыр. Ата-аналар өз жадтарында келесідей жағдайларды мұқият ұстауы тиіс:

- Менің балам барлық тапсырмаларды орындай алады;
- Менің балама аздаған қолдау, демеу қажет;
- Менің балама арнайы маман (педагог-ассистент немесе тьютор) көмегі қажет.

Жоғарыда аталған жағдайлар барысында инклюзивті білім беру жүйесінің нәтижесі бойынша бала ешкімге тәуелді болмай, өз бетінше ортаға бейімделу шарт. Бала барынша өз мүмкіндіктерін бағалап, өз құрбы-құрдастарымен қатарласа жүруі керек.

Ата-аналардың арасынан да өзара түсініспеушіліктер мен қарама-қайшылықтар туындауы инклюзивті білім берудің ең ауқымды мәселесі болып табылады. Осындай түсініспеушіліктерді шешу барысында, ең алдымен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау жасау мақсатында ата-аналарға арналған кеңес берулер, семинар-практикумдар, форумдар, тренингтер жүргізіледі. Ата-аналармен байланыс орнату барысында интернет және әлеуметтік желілер, әдіс-тәсілдер, жұмыстың өткізілу формасы аса қатты мұқияттылықпен сараланып алынғаны жөн. Себебі, ерекше білімді қажет ететін баланы өсіріп, тәрбиелеу кез келген ата-анаға оңайға соқпайтыны белгілі [9].

Дамуында ауытқулары бар баланы тәрбиелеп отырған отбасының мәселелерін, осындай балалардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету әдістерін зерттеу және осы көмектің маңыздылығын анықтау қазіргі қоғамдағы өте маңызды және өзекті мәселе болып табылады. Дамуында ауытқулары бар баланы тәрбиелеп отырған отбасына психологиялық көмек жүйесі оның отбасында дамуында ауытқулары бар баланың үйлесімді және толық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шараларды жүзеге асыруды білдіреді. Отбасымен психокоррекциялық жұмыс дамуында ауытқулары бар балаларды медициналық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесіндегі маңызды бағыт болып табылады.

Ата-аналармен өзара әрекеттесу кезінде мұғалімдер мен мамандар бірқатар қағидаларды басшылыққа алады:

1. әр отбасына жеке-бағытталған тәсіл;
2. ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеп отырған әрбір отбасымен жұмыста моральдық-этикалық нормаларды сақтау;
3. мамандар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастағы құпиялылық;
4. білім беру мекемесіне түскен сәттен бастап балаға және оның отбасына түзету-педагогикалық көмекті уақтылы көрсету;
5. отбасымен тең серіктестік;

6. педагогикалық оптимизм, баланың дамуындағы оң болжамға бағдарлау;

7. отбасыларға психологиялық-педагогикалық көмек жүйесіндегі кешенді тәсіл, мұғалімдер мен мамандардың өзара іс-қимылы процесінде ақпаратпен алмасу.

Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған отбасымен психологиялық-педагогикалық жұмыс алгоритмі келесі кезеңдер түрінде жүзеге асырылады:

1. отбасын зерттеу: отбасының жұмыс істеу ерекшеліктерін зерттеу, оның жасырын ресурстарын анықтау, әлеуметтік орта туралы ақпарат жинау, ата-ана мен баланың қажеттіліктерін зерттеу;

2. байланыс орнату, психологиялық қорғаныс реакцияларын жеңу, ынтымақтастық мотивациясы;

3. психологиялық-педагогикалық көмек көрсету тәсілдерін бағалау;

4. диагностика нәтижелеріне байланысты жұмыс бағыттарын таңдау;

5. ата-аналардың әлеуметтік жағдайын жандандыруға, әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруге және кеңейтуге, сондай-ақ отбасы мүшелерінің өз ресурстарына сүйену мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша мамандардың жұмысы;

6. қол жеткізілген нәтижелердің тиімділігін талдау.

Баланы отбасында тәрбиелеудің шарттарымен таныстыру процесінде келесі мәселелер бойынша ақпарат жиналады:

- отбасы құрамы, материалдық қамтамасыз ету, ересектердің жұмыс түрі, санитарлық-гигиеналық жағдайлар;

- отбасылық қатынастар, ата-аналардың жалпы мәдениетінің деңгейі, ата-аналардың балаға деген көзқарасы және баланың отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігі;

- үйде баланың мінез-құлқы мен іс-әрекеті, сүйікті ойыншықтары, іс-әрекеттері, отбасындағы баламен қарым-қатынас формалары, оның мінез-құлқына және отбасы мүшелерінің іс-әрекетіне қойылатын талаптар, күн тәртібін орындау, баланың үй жұмысына қатысуы.

Мүмкіндігі шектеулі баламен бірге отбасын сүйемелдеудің жеке маршруты мыналарды қамтиды:

- отбасымен жұмыс істейтін барлық мамандардың жұмыс жоспары;

- жұмыстың басында мүгедек баласы бар отбасы диагностикасының бақылау бөлімдерінің нәтижелері және жоспарланған көрсеткіштер;

- отбасымен жұмыс істейтін әр маман тұрғысынан түзету және дамыту жұмыстарының бағыттары мен бағдарламалары;

- мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеуге және әлеуметтендіруге бағытталған бағыттар мен іс-шаралар.

Білім беру мекемесінің сүйемелдеу мамандарының жұмыс алгоритмі:

- перспективалық жұмыс жоспары;

- мүмкіндігі шектеулі баланың аурулары мен бұзушылықтарын ескере отырып, ұсыныстар әзірлеу;

- жеке жоспар бойынша жұмыс;

- тексеру.

Отбасын психологиялық қолдаудың негізгі кезеңдері:

1 кезең

• Баланы және оның отбасын диагностикалық сүйемелдеу.

• Баланы сүйемелдеудің барлық қатысушыларымен байланыс орнату.

• Баланың даму ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық диагностикалау, психикалық дамудағы ауытқулардың алдын алу.

• Ата-аналар қолданатын білім беру моделін анықтау және олардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау (отбасының әлеуметтік-психологиялық картасын жасау).

2 кезең

• Жеке бағдарлама мен топтық сабақтарды жүзеге асыру.

• Мүмкіндігі шектеулі баланың ата-анасына қажетті көмек көрсету (әңгімелесу, кеңес беру, талқылау).

• Баламен жұмыс істейтін мұғалімдерге білім беру және кеңес беру.

• Психологиялық сабақтар, оның ішінде есте сақтау, зейін, эмоционалды-сауық саласы, ойлау қабілетін дамытуға арналған кешендер.

• Ата-аналармен және балалармен бірлескен іс-шаралар өткізу.

• Ұсыныстарды әзірлеу, психофизикалық ерекшеліктерді ескере отырып, оңтайлы жеке жүктемені анықтау.

3 кезең

• Процестің тиімділігі мен сүйемелдеу нәтижелерін талдау.

Ата-аналармен жұмыс жасаудың формалары мен әдістері:

• Бала, отбасы туралы ақпарат алу мақсатында ата-аналарға сауалнама жүргізу және сауалнама жүргізу.

• Кеңес беру – «ерекше білімді қажет ететін» баласы бар әр отбасына сараланған тәсіл. Ең бастысы, ата-аналар балаларына сенеді және бізге көмекші болады.

• Ашық есік күндері-ата-аналар баламен бірге балабақшаға барады, мамандардың жұмысын бақылайды.

• Мастер-кларстар-онда ата-аналар ойындармен, әдебиеттермен танысады және алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйренеді.

• Іскерлік ойындарды жиі жүргізіп отыру.

• Дөңгелек үстелдер, онда ата-аналар мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу және оқыту бойынша өз тәжірибелерімен бөліседі.

• Ата-аналардың ерекше баламен жұмыс істеу әдістері мен әдістерін үйрету мақсатында жеке түзету сабақтарына қатысуы.

• Ата-аналар үшін балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын оңтайландыру бойынша бірлескен тренингтер. (Н. Грегоридің «байланыстырушы жіп», «балаңызды түсінуді үйрену» - гиперактивті бала) .

• Ата-аналарға арналған ақпараттық стендтерді пайдалану: стендтер, папкалар, тақырыптық көрмелер (әдебиеттер, фотосуреттер, балалар жұмыстары), хабарландыру тақтасы.

• Ата-аналарға кері байланысты ұйымдастыру: «пошта жәшігі», онда ата-аналар өз ұсыныстарын, пікірлерін орналастырады, ата-аналар жиналыстары мен семинарларының тақырыптарын ұсынады.

• Баланың даму динамикасын анықтау үшін мұғалімдер мен ата-аналар өз бақылауларын жазатын білім беру мекемесі мен үйде баланың бақылау күнделігін бірге толтыру.

• Ата-аналармен қарым-қатынас жасау үшін заманауи құрылғыларды пайдалану: интернет арқылы ата-аналармен виртуалды видеобайланыс, ұялы байланысты пайдалану.

- Үйде баланың дамуына ықпал ететін кітаптар мен ойыншықтардың көрмелерін ұйымдастыру.

- Қабырғаларда, топтық бұрыштарда ата-аналарға арналған ұсыныстар мен кеңестер ұйымдастыру.

Осылайша, білім беру процесіне қатысушылардың сенім мен өзара көмек қағидаттарына негізделген бірлескен және шыдамды күш - жігері ғана оң нәтиже бере алады-бірден байқалмаса да, ұзақ уақыт бойы. Бірлік пен ортақ мақсат тек мүгедек балалардың ғана емес, олардың ата-аналары мен тіпті мамандардың жеке өсуі мен дамуына ықпал етеді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша дұрыс құрылған жұмыс міндетті міндет және инклюзияны қалыптастырудың негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Білім беру, психологиялық, медициналық, әлеуметтік және басқа да көптеген тәжірибелерді қамтитын бұл кең жүйе осы сегментке қатысты барлық мамандар мен мекемелердің үйлесімді және кәсіби жұмысын талап етеді. Кешенді сүйемелдеуде өзара әрекеттесудің барлық компоненттері болған кезде мүгедек баласы бар ата-аналарды қолдау бойынша жұмыс баланың оң динамикасын дамытуды қамтиды [10, 11].

Мектеп жасындағы балалардың отбасында толыққанды даму мәдениетін тәрбиелеуде мұғалімдер ұжымы мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуінің негізгі шарты-мектеп жасындағы балалардың толыққанды даму мәдениетін тәрбиелеу процесінде ата-аналарға сараланған көзқарасты жүзеге асыру керек. Мұғалім ата-аналармен өзара әрекеттесу барысында әртүрлі отбасылардың ерекшеліктерін ескереді.

Айта кету керек, қазіргі ата-аналар білімді, педагогика және психология саласындағы танымал ғылыми ақпаратқа кең қол жетімді. Алайда, жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі, ата-аналардың білімі мен хабардарлығы олардың педагогикалық мәдениетінің жеткілікті деңгейінің кепілі емес. Ата-аналар балаларды тәрбиелеуде, оңтайлы білім беру әдістері мен әдістерін тандауда, интернеттен және танымал ғылыми әдебиеттерден алынған ақпаратты тікелей практикада қолдануда қиындықтарға тап болады. Олар балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша нақты атаулы көмек алуды қажет етеді. Бұл жағдайда сынып жетекші ата-аналарға көмекке келе алады.

Педагогтердің ерекше назарында тәрбие тәжірибесі жоқ, қажетті білімі мен іскерлігі жоқ жас отбасылар болуы тиіс. Мұғалімнің міндеті-ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, оларды тиісті білім мен дағдылармен байытуға ықпал ету.

Сонымен қатар, жас ата-аналарға баласын түсінуге, оның жас ерекшеліктерін ескеруге үйрету керек. Жас отбасылар білікті көмекке, педагогтар мен психологтардың назары мен қолдауына мұқтаж.

Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуінің барлық түрлерінің негізгі мақсаты-балалармен, ата-аналармен және мұғалімдермен сенімді қарым-қатынас орнату, оларды бір командаға біріктіру, өз проблемаларын бір-бірімен бөлісу және оларды бірлесіп шешу қажеттілігін тәрбиелеу. Мұғалімдер отбасымен өзара әрекеттесудің дәстүрлі формаларының бүкіл педагогикалық әлеуетін барынша пайдалануға тырысады және еліміздің дамуының әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларының өзгеруіне сәйкес ата-аналармен ынтымақтастықтың жаңа, заманауи түрлерін іздейді.

Ата-аналармен өзара әрекеттесуді құру дәстүрлі нысандарды — ата — аналар жиналыстарын, дәрістерді, семинарларды және заманауи нысандарды-ауызша журналдарды, экскурсияларды, ата-аналар клубтарын, акцияларды, сауықтыру іс-шараларын, ойындарды және т.б. дамытуға және пайдалануға болады.

Жұмыстың осы немесе басқа түрін жоспарлау кезінде қазіргі ата-аналар туралы, оқуға, өзін-өзі дамытуға және ынтымақтастыққа дайын қазіргі заманғы адамдар туралы идеялардан бастау керек. Осыны ескере отырып, өзара әрекеттесу формаларына келесі талаптарды таңдау керек: өзіндік, сұраныс және интерактивтілік.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға мақсатты кәсіби көмек қажет. Инклюзивті білім беру жағдайында ата-аналарда баланың дамуындағы және онымен қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңуде белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу; ата-аналардың құқықтық, педагогикалық құзыреттілігін арттыру; мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен қызметін ұйымдастыру қажет. Көптеген ғалымдар мен практиктер ата-аналардың балаларын оқытуға қатысу дәрежесіне олардың білім алу мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар олардың білім беру сапасы да байланысты екенін айтады [12].

Ата-аналардың сұранысын талдау кезінде ата-аналардың ең үлкен қажеттілігі баланың дамуындағы артта қалуды түзету, ата-ана мен бала арасында байланыс орнату жолдарын іздеу болып табылады. Ата-аналардың көпшілігі ақпараттық қолдауды қажет етеді [13, 14].

Зерттеу әдістері мен оларды қолдану. Мысалы, ата-аналармен жұмыс істеудің инновациялық түрлерін қолдануға болады:

1. Ата-аналармен жұмыстың ақпараттық-аналитикалық түрлері:

- сауалнама;
- «пошта жәшігі».

2. Ата-аналармен жұмыстың көрнекі және ақпараттық формалары:

- ата-аналар клубтары;
- шағын кітапхана;
- «денсаулық мәдениеті» ақпараттық стендтері.

3. Ата-аналармен жұмыстың танымдық формалары

- ата-аналар қонақ бөлмелері;
- дәстүрлі емес ата-аналар жиналысы;
- ауызша журналдар.

4. Ата-аналармен жұмыстың бос уақыт формалары

- спорттық мерекелер;
- бірлескен спорттық-сауықтыру демалысы;
- ата-аналардың спорттық жарыстарға, дене шынықтыру-сауықтыру мерекелеріне қатысуы [15].

Балалардың толыққанды даму мәдениетін тәрбиелеу мәселелері бойынша педагог пен отбасының бірлескен жұмысының негізгі нысандарына жатқызамыз:

- ата-аналар жиналыстары мен конференцияларындағы баяндамалар мен хабарламалар; оларды пайдалануды сипаттай отырып, көрнекі құралдардың көрмелерін ұйымдастыру;

- ата-аналар үшін дене шынықтыру бойынша ашық сабақтар; топтық және жеке консультациялар; әңгімелер;

- сайт бетіндегі мамандандырылған айдар және т. б.

Ата-аналармен жүйелі қарым-қатынас мұғалімге бала туралы ақпаратты толықтыруға, оның физикалық дамуындағы белгілі бір қиындықтардың объективті себептерін табуға мүмкіндік береді.

1 Кесте Ата-аналардың типтерге бөлінуі:

Үлгілі жанұя	Бала тәрбиесіне ұстаз көмегін қажет ететін жанұя	Ынтымақсыз жанұя	Жағымсыз қасиеттері басым жанұя	Қоғамдық орындардың араласуын үнемі қажет ететін жанұя
Жанұя толық. Мұғалім тарапынан көмекті қажет етпейді. Бала махаббат пен мейірімге толы ортада өмір сүріп келе жатыр.	Жанұяда қамқорлық жақсы болғанымен, бала мұғалім тарапынан көмекті қажет етеді.	Жанұяда ұрыс-жанжал әсерінен бала өзіне деген мейірім мен махаббатты сезінбейді. Мұғалімнің көмегі қатты қажет. Ата-ана баланың жағдайын ұмытып кетеді.	Жанұя сырттан қарағанда тату болғанымен, махаббат аз, рухы құлаған болып есептеледі. Бала ешқандай жылулықты көрмейді.	Дәрекілік, ұрыс-керіс, жанжал көп болады. Баланың дамуына отбасы өзінің кері әсерін тигізеді.

Зерттеуге 12 ата-ана қатысты. Бақылау тобына 6 ата-ана, зерттеу тобында 6 ата-ана болды. Анықтаушы экспериментінде келесідей сынамалар алынды:

- ата-аналарға сауалнама;
- балалар туралы анамнез;
- туындаған мәселелер жайлы диалогтық сұхбаттар.

Ата-аналармен жүргізілген сауалнама барысында келесідей сұрақтар реті болды:

- Сіз балаңыздың мектепте табысты оқуына көмек керек деп ойлайсыз ба?
- Сіздің ойыңызша, баланың сыныпта табысты оқуына қандай жағдайлар қажет?
- Бала ересектермен, басқа балалармен қарым-қатынаста, қоғамдық орындарда жүріп-тұру ережелерін сақтайды ма?

- Балаңыз сізбен мектепте алған әсерлерімен жиі бөлісе ме?

Сауалнама нәтижесі бойынша келесідей нәтижелер алынды:

- баламен жұмыс жасау барысында қандай қателіктерді ескерген жөн;
- мұғалімдермен қалай тығыз байланыс орнату керек?;
- баланы қоршаған ортаға тез бейімдеу жолдарын іздестіру;
- жаңа әдіс-тәсіл жолдарын анықтау;

Бақылаушы эксперимент ата-аналармен тренинг түрінде жүргізілді. Экспериментті іске асырудан күтілетін нәтижелер:

1. Отбасының рөлін және оның мүгедек баланың жеке басының қалыптасуына әсерін білу.
2. Ерекше қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеп отырған отбасының психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау.
3. Баламен түзету және дамыту өзара әрекеттесу дағдыларын игеру.

Мүгедек баланың жеке басын эмоционалды қабылдауды қалыптастыру және ата-ана талаптары деңгейінің өзгеруі.

«Қарым-қатынастағы ассертивтілік» әдістемесі алынды.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарына өзін-өзі бағалау сезімін табуға көмектесу үшін «қарым-қатынастағы ассертивтілік» тренингі ұйымдастырылды.

1. Презентация, мақсат қою, мотивтер. «Ассертивтілік дегеніміз не және ол не үшін қажет?». Ассертивтілік-бұл мәлімдеме. Ассертивтіліктің мақсаты - өз құқықтарын қорғауды үйрену, өзін-өзі бағалау.

2. «Өзін - өзі құрметтеу арқылы басқаларды құрметтеу» бөлімі.

- «Ықпал ету аумағын кеңейту» (Р. Дилтс тренингі)

- «Өз өмірінің дирижері» (И. Малкина. «Телесная терапия». М., 2005)

3. «Өз сезімдеріңізді білдіру» бөлімі. «Цвет наших чувств» жаттығуы (Н.Ю. Хрящева. «Психогимнастика в тренинге» СПб., 1999)

4. «Адал бол» бөлімі. «Екі ұстаным» жаттығуы «мен қалаймын...» және «сен жасадың...»

5. «Жоқ деп айту мүмкіндігі» бөлімі. «Қате детекторы» жаттығуы. (Н.П. Бехтерева. «Тайны мозга и лабиринты жизни». СПб. 1999) «Мен жоқ деймін» (Р. Дилтс. Коучинг...)

6. «Өз позицияларын қорғау» бөлімі. (В.Ю. Баскаков. «Свободное тело» М., 2017)

Бағалау

4-5 балл жоғары деңгей – дұрыс жауап беру, толық орындау.

2-3 балл орташа деңгей – көмек көрсеткеннен кейін дұрыс жауап, толық емес орындау.

0-1 балл төменгі деңгей – көмек көрсеткеннен кейін қате жауап, орындай алмау.

Зерттеу нәтижесі. Зерттеу жұмысының нәтижесінде 6(100%) ата-анадан 4 (67%) ата-ана жоғары деңгей, 2 (33%) ата-ана орташа деңгейде көрсетті. Төмен деңгейде жауап берген ата-аналар болмады.

2 Кесте Зерттеу тобы ата-аналарының нәтижелері:

Ата-аналар	Дейін			Кейін		
	Толық орындау	Толық емес орындау	Орындай алмау	Толық орындау	Толық емес орындау	Орындай алмау
1	+	-	-	+	-	-
2	+	-	-	+	-	-
3	-	+	-	+	-	-
4	-	+	-	+	-	-
5	-	+	-	-	+	-
6	-	+	-	-	+	-

Бақылаушы эксперимент соңында келесідей тұжырым алынды:

Жүргізілген зерттеу бойынша, мұғалімнің отбасымен байланыс орнату жұмысында келесі тармақтарды ескеру қажет:

- мектептің отбасымен бірлескен іс-әрекетінің негізінде ата-аналардың рөлін нығайтуға және арттыруға бағытталған іс-әрекеттер мен іс-шаралар болуы тиіс;

- ата-аналардың тәрбиелік мүмкіндіктеріне деген сенім, олардың педагогикалық мәдениеті мен тәрбиедегі белсенділігінің деңгейін арттыру;

- педагогикалық әдеп, отбасы өміріне өрескел араласуға жол бермеу;

- баланың жағымды қасиеттеріне, отбасылық тәрбиенің мықты жақтарына сүйену.

Оң нәтижелер көбінесе ата-аналардың білім беру процесіне белсенді қатысуына байланысты, оның негізінде маман мен ата-ананың ұйымдасқан ынтымақтастығы болуы керек.

Қорытынды

Осылайша, қазіргі уақытта өзекті міндеттер-бұл отбасымен жеке жұмыс, әртүрлі типтегі отбасыларға сараланған көзқарас, мамандардың көзқарасы мен ықпалын жіберіп алмау ғана емес, сонымен бірге, отбасы арасындағы қатынасты да берік орнату болып табылады. Бұл міндеттерді ата-аналарды білім беру процесіне тарту, мазмұнын таңдау, ата-аналармен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану арқылы шешуге болады. Мүгедек балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас тренингінің нәтижесі сындарлы мінез-құлықты шоғырландыру, кедергісіз оң ойлау үлгілерін игеру, өз құндылығын білу, стресске төзімділік пен бейімделу қабілеттерін дамыту болып табылады. Әдетте дамып келе жатқан балалардың ата-аналары кейде ерекше қолдауды қажет ететін балалардың сыныпта болуы өз баласының дамуын кешіктіруі мүмкін деп қорқады. Алайда, тәжірибе керісінше. Әдетте дамып келе жатқан балалардың үлгерімі төмендемейді және көбінесе олардың бағалары жаппай мектептің әдеттегі сыныбына қарағанда инклюзивті білім беру жағдайында одан да жоғары болады. Оған сәйкес мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйрететін мектептер барлық қалған балалар үшін ең жақсы мектептер болып табылатындығы туралы деректер бар. Және керісінше: барлық балалар үшін ең үздік мектептер мүмкіндігі шектеулі балалар үшін де ең үздік мектептер болып табылады. Мінез-құлыққа, әлеуметтік дамуға және оқудағы жетістіктерге, әсіресе сөйлеу тіліне қатысты, инклюзивті білім беру формасын ұстанатын мектепте оқитын балалардың жетістіктері әлдеқайда жоғары.

Әдебиет:

1. Витвицкая Л. А. Технологии взаимодействия субъектов образовательного процесса: учебное пособие. - Челябинск: Изд-во ЮурГУ, 2009. - 226 с.
2. Скрыбина Д.Ю., Корлякова Я.Е. особенности организации инклюзивного образовательного пространства в учреждениях для обучающихся, воспитанников с ограниченными возможностями здоровья // Кемеровский государственный университет, журнал Современные проблемы науки и образования. – 2015. – №6 – с. 486-494.
3. Зыкова Н.В. Взаимодействие семьи и школы при обучении детей с ОВЗ в процессе инклюзивного образования // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 20. – С. 35–38. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/56322.htm>
4. Коробкина, Е.Г. Организация работы с родителями обучающихся с ограниченными возможностями в условиях сельской школы // Молодой ученый. - 2017. - № 14 (148). - С. 622-624. - URL: <https://moluch.ru/archive/148/41857/> / (дата обращения: 05.12.2021).
5. Коряковцева Е.И. Взаимодействие семьи и школы при обучении детей с ОВЗ в процессе инклюзивного образования <https://solncesvet.ru/opublikovannyye-materialyi/vzaimodeystvie-semi-i-shkoly-pri-obuch/>
6. Колениченко Н.В. Проблема социальной адаптации и педагогико-воспитательные инновации в реалиях интерактивного мира. // - Наука. Искусство. Культура. 2019 - №22(2) - с. 137-141 <https://cyberleninka.ru>
7. Обухова Н.Б. Педагогическая поддержка родителей, имеющих детей с ограниченными возможностями здоровья // Психолого-педагогическое сопровождение семьи в реалиях современного социокультурного пространства: Материалы Международной научно-практической конференции / Урал. гос. пед. ун-т. – Екатеринбург, 2012. С.171–174.
8. Казакова Е.И. Галактионова Т.Г., Пугач В.Е. Основные приемы и технологии в работе тьютора. М.: «Академия», учебное пособие, 2009 г – с. 63. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=22917057>

9. Н.Г. Корсак Кодекс поведения родителей в инклюзивном образовании детей. <http://logoprof.ru/kodeks-povedeniya-roditeley-v-inklyuzivnom-obrazovanii-detey>
10. Alisov, E.A., Ivanova, O.A. Information and technological support for inclusive education of people with special educational needs. International Journal of Civil Engineering and Technology. 9(13), 2018. - с. 993-1001 <https://unir.mgpu.ru/publication/scopus/>
11. Устенко Т.В. Организация работы с родителями в условиях инклюзивного дошкольного образования. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2021/04/28/organizatsiya-raboty-s-roditelyami-v-usloviyah-inklyuzivnogo>
12. Петракова Е.А., Козьяков Р.В., Поташова И.И. Современные технологии работы с семьями, имеющими детей с ограниченными возможностями здоровья // Сборник материалов Ежегодной международной научно-практической конференции «Воспитание и обучение детей младшего школьного возраста, 2016. № 5. С. 819-822
13. Годовникова Л.В. Интегрированное обучение в массовой школе: психолого-педагогическое сопровождение учащихся с ограниченными возможностями здоровья. Белгород: Изд-во Бел-ГУ, 2006. – 215 с.
14. Макаров А.О. Педагогические условия социально-педагогического сопровождения семейного воспитания ребенка с ограниченными возможностями здоровья / Антон Олегович Макаров // Педагогическое образование в России, 2015. № 4. С. 102-108.
15. Л. Новицкая. Тренинг для родителей детей с ОБЗ. // Русский учебник – 28.08.2018 <https://rosuchebnik.ru/material/trening-dlya-roditeley-detey-s-ovz/>

Әдебиет:

1. Vitvitskaya L.A. Technologies of interaction of subjects of the educational process: textbook. - Chelyabinsk: SUSU Publishing House, 2009. - 226 p.
2. Scriabina D.Yu., Korlyakova Ya.E. features of the organization of inclusive educational space in institutions for students, pupils with disabilities // Kemerovo State University, journal Modern Problems of Science and Education. - 2015. - No. 6 - pp. 486-494.
3. Zykova N.V. Interaction of family and school in teaching children with disabilities in the process of inclusive education // Scientific and methodological electronic journal «Concept». - 2016. - Vol. 20. - pg. 35-38. - URL: <http://e-koncept.ru/2016/56322.htm>
4. Korobkina, E.G. Organization of work with parents of students with disabilities in rural school conditions // Young scientist. - 2017. - № 14 (148). - Pg. 622-624. - URL: <https://moluch.ru/archive/148/41857/> / (accessed: 05.12.2021).
5. Koryakovtseva E.I. Interaction of family and school in teaching children with disabilities in the process of inclusive education <https://solncesvet.ru/opublikovannyye-materialyi/vzaimodeystvie-semi-i-shkoly-pri-obuch/>
6. Kolesnichenko N.V. The problem of social adaptation and pedagogical and educational innovations in the realities of the interactive world. // - Science. Art. Culture. 2019 - No.22(2) - pg. 137-141 <https://cyberleninka.ru/search?q>
7. Obukhova N.B. Pedagogical support for parents with children with disabilities // Psychological and pedagogical support of the family in the realities of modern socio-cultural space : Materials of the International scientific and practical conference / Ural State Pedagogical University. un-T. - Yekaterinburg, 2012. pp.171-174.
8. Kazakova E.I. Galaktionova T.G., Pugach V.E. Basic techniques and technologies in the work of a tutor. М.: "Academy", textbook, 2009 - p. 63. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=22917057>
9. N.G. Korsak Code of Conduct of parents in inclusive education of children. <http://logoprof.ru/kodeks-povedeniya-roditeley-v-inklyuzivnom-obrazovanii-detey>
10. Alisov, E.A., Ivanova, O.A. Information and technological support for inclusive education of people with special educational needs. International Journal of Civil Engineering and Technology. 9(13), 2018. - с. 993-1001 <https://unir.mgpu.ru/publication/scopus/>
11. U.T. Vasilyevna. Organization of work with parents in conditions of inclusive preschool education. <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2021/04/28/organizatsiya-raboty-s-roditelyami-v-usloviyah-inklyuzivnogo>
12. Petrakova E.A., Kozyakov R.V., Potashova I.I. Modern technologies of working with families with children with disabilities // Collection of materials of the Annual international scientific and practical conference "Education and training of children of primary school age, 2016. No. 5. p. 819-822.

13. Godovnikova L.V. Integrated education in a mass school: psychological and pedagogical support of students with disabilities. Belgorod: Izd-vo Bel-GU, 2006. P. 56.
14. Makarov A. Pedagogical conditions of socio-pedagogical support of family education of a child with disabilities / Anton O. Makarov // Pedagogical education in Russia, 2015. No. 4. P. 102-108.
15. L. Novitskaya. Training for parents of children with disabilities. // Russian textbook - 28.08.2018 <https://rosuchebnik.ru/material/trening-dlya-roditeley-detey-s-ovz/>

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-53-58

ӘОЖ 811

ҒТАМА 16.01.11

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА БАҒДАР

Абдуова Б.С.¹, Төлешева Г.Қ.²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданыс аясы туралы бұхаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, қоғамдық орындарда аз айтылып жүрген жоқ. Өткен жылдармен салыстырғанда соңғы бес-алты жылда айтарлықтай жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік деуімізге болады. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдениет саласындағы қызметі өсіп, қолдану ауқымы мейлінше кеңейе түсті. Әсіресе жоғары оқу орнының өзге тілді топтарында қазақ тілін жүйелі оқыту талаптары жоғарылады. Осыған орай орыс бөлімдерінде оқитын студенттерге қазақ тілін меңгерту білім беру үдерісінде заманауи оқыту негіздерін басшылыққа алып отыр. Қазақ тілінің айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым құзыреттілігін сапалы, жүйелі, мәдениетті меңгеру – қазақстандық азаматтардың мәртебелі борышы екендігі белгілі. Халықаралық үдерістермен қатар жүруді, бірге дамуды көздеген білім жүйесі де барлық салаларды жаңаша ұйымдастыруды, оны басқа қырынан зерделеуді талап етуде. Ұлттық тарихи-мәдени дәстүрлерді, әлемдік өркениеттегі жаңашылдықты, тұлғалық қасиеттерін жетілдіруді көздейтін, танымы мен талғамы биік тіл жанашырларын дайындау қазір аса өзекті болып отыр. Тілді сауатты меңгеру арқылы ғана қазақ халқының болашағын жарқын етуге болады.

Түйінді сөздер: мемлекеттік тіл, ана тілі, сауатты меңгеру, ұлтжандылыққа баулу, әдеби норма, оқытуды жаңаша ұйымдастыру.

СТАТУС КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА – ОРИЕНТИР НА БУДУЩЕЕ НАЦИИ

Абдуова Б.С.¹, Тулешева Г.Қ.²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

О сфере использования казахского языка в настоящее время говорится немало как в социальных сетях, так и в общественных местах. Мы можем сказать, что по сравнению с предыдущими годами мы достигли значительных результатов за последние пять-шесть лет. После получения Независимости роль казахского языка в области социально-экономической, научной, технической и общей культуры увеличилась, а объем использования расширился. Повысились требования к изучению казахского языка, особенно в других языковых группах университета. В связи с этим знание казахского языка студентами русских групп руководствуется основами современного обучения в образовательном процессе. Прослушивание казахского языка, проговаривание, чтение, написание, овладение качественным знанием и культурой казахского языка – это престижный долг казахстанцев. Наряду с международными процессами, система образования, направленная на развитие, также требует новой организации всех отраслей, чтобы изучить ее с другого ракурса. Обучение истинных ценителей языка, национальных историко-культурных традиций, понимающих роль казахского языка в мировом сообществе, сегодня очень важно. Только с помощью грамотного изучения языка, будущее казахского народа может быть ярким.

Ключевые слова: государственный язык, родной язык, компетентное приобретение, национальность, литературная норма, новая организация обучения.

**THE STATUS OF THE KAZAKH LANGUAGE IS A LANDMARK
FOR THE FUTURE OF THE NATION****Abduova B.S.¹, Tulesheva G.K.²**¹*L.N. Gumilyov Eurasian National Universit, Nur-Sultan, Kazakhstan*²*M. Kozybayev North Kazakhstan university, Petropavlovsk, Kazakhstan***Annotation**

About the sphere of use of the Kazakh language of the present time both in social networks and in public places. We can say that compared to previous years, we have achieved significant results over the past five or six years. After Independence, the role of the Kazakh language in the field of socio-economic, scientific, technical and general culture has increased, and the volume of use has expanded. The requirements for the study of the Kazakh language have increased, especially in other language groups of the university. In this regard, the knowledge of the Kazakh language by students of Russian groups is guided by the basics of modern education in the educational process. Listening to the Kazakh language, speaking, reading, writing, mastering high-quality knowledge and culture of the Kazakh language is a prestigious duty of Kazakhstanis. Along with international processes, the development-oriented education system also requires a new organization of all branches in order to study it from a different angle. Teaching true connoisseurs of the language, national historical and cultural traditions, who understand the role of the Kazakh language in the world community, is very important today. Only with the help of competent language learning, the future of the Kazakh people can be bright.

Keywords: state language, native language, competent acquisition, nationality, literary norm, new organization of education.

Kіріспе

Қазақ халқының өткен тарихынан келер ұрпаққа қалдырары, жадында ұстар асыл құндылықтарының бірі, ең бағалысы – тілі десек, сол тіліміз – алдыңғы буын аталарымыздың барлық іс-әрекетінің, болмысының куәсі. Тіл мен адам болмысы бірлікте қаралады, ол тілдік құбылыстарды тіл иесінің дүниетанымымен, мәдениетімен, ойлау жүйесімен сабақтастыра зерделейді. Рухани, мәдени болмысымыз тілден көрініс таба отырып, өмірлік бағдарымызды айқындайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан асыл сөздеріміз, дәстүріміз, бүкіл болмысымыз ұлт ретінде ұйысуымызға себеп болды. ХІХ ғасырдың бірінші жарты жылдығынан бастап, қазақ даласына Ресей империясының халыққа білім беру тәжірибесі таратыла бастады. Мақсаты халықтың сауатын орыс тілі арқылы ашумен қатар, ақыл-ойын орыстандыру еді. Десек те, қазақ халқын орыстандыру саясатының ұлттың болмысын, дінін, дәстүрін сақтау тұрғысынан келгенде кері әсері де, ал зиялы қауымның қалыптасуы тұрғысынан келгенде пайдалы тұстары да болды. «Қазақтарды орыстандыруға бағытталған империялық саясаттың орасан зор қысымына қарамастан, өлкедегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды. Жүргізіп жатқан ресми саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық мәдениетпен, еуропалық өркениеттің жетістіктерімен танысты» [1,193] деген пікір ойымызды айқындаса керек.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қоғамда көп талқыланып келе жатқан мәселелердің бірі – ана тіліміздің жайы. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанда көптеген адамдардың енді тіл төңірегіндегі мәселе шешілгендей сезінгені рас. Ертең-ақ бәрі қазақ тілінде сөйлеп кететіндей алабұртқандарды да көп еді. Бірақ бәрі олай болмай шықты. «Батпандап кірген мысқалдап шығады» демеуші ме еді?! Кеңестер Одағында тек қана бір тілге – орыс тіліне басымдық берілгендіктен, оның қоғамдағы орны мызғымастай болатын. Қоғамның барлық саласында бұл тілдің мерейі үстем тұрды. Орыс тілінде білім алған тұтас бір ұрпақ өсіп-жетілді. Ал

адамның тілі оның ойлау жүйесі мен менталитетін де өзгертіп жіберетіндігі белгілі. Мысалы, қазақша оқыған орыстарды «мынауың нағыз қазақ қой» деп қалуға болады, ал орысша білім алып, орысша ойлайтын қазақтар да орыстардан кем емес. Ондайлар өз тіліне, өз дәстүріне жатырқай қарайды, орыстың мүддесін, тілін оның өзінен артық қорғайды.

Кеңес одағы құрамында болған жетпіс жыл халқымыздың ұлттық діліне, тіліне, мінезі мен болмысына жат элементтер енгізді. Қызметте жүрген аға буын орыс тіліне ден қойды, ұрпағын өз жұртынан аластатты. Оның зардабы қазірге дейін сезіліп отырғандығы жасырын емес. Егер де жергілікті халықтың үлесінің көптігіне байланысты еліміздің оңтүстік, батыс, орталық аймақтарында туған тіліміздің жай-күйі жаман емес болса, солтүстік, шығыс аймақтарында күннен күнге жағдай жақсарып келеді деуге болады. Көптеп бой көтеріп жатқан қазақ мектептері заманауи келбетімен көңіл қуантады әрі мемлекеттік тіл – ана тіліміздің болашағына деген сенімді бекіте түседі. Дегенмен аралас мектептердегі қазақ тілінің жағдайы көңіл көншітпейді. Себебі білім алып жатқан шәкірттер өз ара тек орыс тілінде сөйлесетіні жасырын емес.

Бұрын жоғары оқу орындарында білім тек қана негізінен орыс тілінде беріліп келсе, қазір мемлекеттік тіл басым. Оқу орындарында орыс тілді аудиторияларға сабақ беретін мұғалімдерге қойылар талап күшті. Жыл өткен сайын мемлекеттік тілді меңгерген басқа ұлт өкілдерінің саны да өсіп келеді. Оған әр түрлі жарыстарда, конкурстарда, мемлекеттік тіл байқауларында жақсы нәтиже көрсетіп, бәйге алып жүрген жастар куә.

Соңғы жылдарда оқу, білім салаларында айтарлықтай жақсылықтар болды. Қазақ тілін оқыту бойынша мемлекеттік стандарттар, жақсы ғылыми, зерттеу, әдістемелік еңбектер, молынан жарық көрді [2]. Іргелі оқу орындарында да мемлекеттік тілді меңгертуге бағытталған курстар жанданды. Солардың негізгісі ретінде орыс тілді топтарда қазақ тілін жүйелі оқыту үдерісі деуге болады. Әрине, мектеп қабырғасында орысша оқығанымен, қазақ тілін әжептеуір меңгеріп келетін жеткіншектер аз емес. Бірақ біз күткен деңгейде, яғни жетік меңгерген дей алмаймыз. Қарапайым сөйлесу құзыреттілігін білмейтіндері де көп. Ал жоғары оқу орнына түскеннен кейін базалық сатыдан ары қарайғы жетік деңгейге өту бойынша курсқа бөлінген сағаттың аздығынан мүмкіндік ала алмайды. Осы орайда оқытушының кәсіби біліктілігі танылар кез туады. Дұрыс, мұқият, сауатты дайындалған оқу бағдарламасы білім алушыларға тіл меңгеруде оң ықпал ететіні белгілі.

Зерттеу әдістемесі. Өзге тілді топтарға қазақ тілін оқыту бойынша қазақстандық көптеген ғалымдар әдістемелік, дидактикалық, теориялық, ғылыми еңбектер жазумен қатар, оқып-үйрету курстарын да дайындады. Одан өзге түрлі сайттарда, әлеуметтік желілерде, арналар мен платформаларда қазақ тілін қарапайымнан бастап жетік деңгейге дейінгі дамыта оқыту саласы жүйеге қойылған [3]. Осы еңбекте біз салыстыру, талдау, сипаттау, қорытындылау әдістерін басшылыққа ала отырып, өзіндік ұсынысымызды, бағдарымызды көрсетуді жөн санаймыз.

Зерттеу нәтижелері. Рас, тәуелсіз ел болғаннан кейін ана тіліміздің қоғамдағы орны әзір біз күткен межеден алыстау. Оның бірнеше себептері бар. Негізгі себеп – ел билігінің әлі де болса ана тіліне толық көшпей отырғандығы. Әлі күнге дейін балаларын орыс мектептеріне беретін қазақтар да аз емес. Оған себеп – жаңағы биліктің орыс тілінде сөйлеуі.

Екіншіден, Қазақстан аудиториясының Ресейдің идеологиялық-ақпараттық ықпалында қалып отырғандығы. Еліміз бұл бағытта әзірше ешқандай шара қолданып отырған жоқ. Ресейдің БАҚ-тары Қазақстанда еркін сатылады, теледидарлары еркін

көрсетіледі. Мысалы, Алма ТВ кабельдік жүйесін алайық. Жаңағы желідегі 110-120 каналдың 70-80 пайызы орыс тілінде. Амалсыз орыс тіліне жүгінуге тура келеді. Бұның бірден көзге көрінбейтін тәрбиелік-тәлімдік, насихаттық мәні де күшті. Қазақ мектебінде оқитын балалардың өзара орыс тілінде сөйлесулеріне осы теледидардың тигізіп отырған ықпалы өте күшті.

Қазіргі кезде жоғары оқу орнына түсу үшін тапсырылатын бірыңғай ұлттық тестілеуге қазақ тілі енгізілгенмен, оның міндетті пән емес екендігі қынжылтады. Бұл да мемлекеттік тілге жүрдім-бардым қарауға септігін тигізуде. Жоғары оқу орындарында қазақ тілі оқытылғанмен, орыс түгілі, ұлты қазақ бауырларымыздың арасынан баға алу үшін «амалсыз оқып жүретіндерін» байқап, қынжыласың. Осындай кезде ұстазға шәкірттің ол ойының дұрыс емес екендігіне көзін жеткізуіне тура келеді.

Баға қою мәселесіне де оқытушылар аса жауапкершілікпен қарағаны абзал. Бірілген мәтінді айтып беріп, бірді-екілі сұраққа жауап айтатын студенттерді «жоғары балл алуға лайықты» деп санамау керек. Мәтінді айтып беру (кейбір студенттер сол мәтіннің қысқартылған нұсқасын жаттап та алады) білімге баға қою көрсеткіші бола алмайды. Студенттің өз тарапынан пікір айту, қарсы көзқарас білдіру, дұрыс ойды дәлелдеу, мысалдар келтіру, өмірдің басқа құбылыстарымен салыстыру секілді дағдыларды игергені жөн.

Кез келген жоғары оқу орында білім алушыларға мемлекеттік стандартқа сай типтік бағдарлама ұсынылады. Оқытушылар соған сай оқу-әдістемелік кешен дайындайды. Біз сол бағдарламаға сәйкес практикалық және өздік жұмыс тапсырмаларын құрастырып, белгіленген курс ауқымына орай бір жүйеге келтіреміз. Бағдарламадағы модульдерге орай айтылым, оқылым, тыңдалым тапсырмаларына қосымша эссе жазуға да дағдыландырамыз. Эссе студенттердің шығармашылығын дамытып қана қоймай, «тілдің сан алуан өрнегін көркем меңгеруге септігін тигізеді» [4]. Бірақ алдымен қалай жазу керек, нені көрсетуге тырысу қажет екендігіне тоқталамыз. Мысалы, біздің бағдарламамызда «Туған өлке» деген модуль бар. Бұл тақырып бойынша әр студент өз атамекені, туып-өскен жері туралы жазу керек. Эссе көлемі 15-20 сөйлемнен кем болмау керек. Көп студенттер шамамен былай жазады:

«Менің атым – Юлия. Мен 18 жастамын. Мен Тараздан келдім. Тараз өте әдемі жер. Таразда көп әдемі үйлер бар. Стадион және дүкендер көп. Парк бар. Біз жазда достарыммен сол паркте қыдырамыз, киноға барамыз. Кейде көлге шомыламыз. Бізге көп туристер келеді. Олар Айша Бибі кесенесіне барады. Айша Бибі кесенесі өте әдемі. Оған көп ғасыр болған. Мен өз туған жерімді жақсы көремін».

Міне, шамамен осылай. Біз әдетте мұндай эсселерді толықтырып жазуға кеңес береміз. «Юлия, мен сенің туған өлкеңді көргім келеді. Алайда, мына эссе бойынша көп нәрселер айтылмай тұр. Сен маған толықтырып жазып әкелші, мен оқып шығып, «ендігі демалысымда міндетті түрде Таразды көруім керек екен» деп ойлайтын болайын. Ол үшін сен алдымен не жазғың келеді, соны орысша өзіңе жазып ал. Содан кейін мүмкіндігіңше қазақ тіліне аудар. Егер дұрыс аударма алмадым, айтайын деген ойларымды жеткізе алмадым десең, оны сабаққа келгенде бірігіп аударамыз, қалай құрастыру керек еді, түсіндіремін» деу өз нәтижесін берері анық. Ол келесіде мынадай эссе жазып әкеледі:

«Менің туған өлкем әдемі. Біздің Тараз көне қалалардың біріне жатады. Археологтер қазба жұмысы кезінде көп (қалай болады антиквар?) заттар тапқан. Қалада жастарға арналған түрлі мәдени орындар бар. Жастар бос уақытта стадиондарға барып, жаттығу залдарына барып пайдалы өткізеді. Мен де бассейнге барып тұрамын. Біздің

Таразды қызықты ескерткіштер қаласы деп айтуға да болады. Мысалы, бізде «Джентельмены удачи» киносының (қалай болады герои?) арнап қойылған ескерткіш бар. Махаббат аллеясында Қыз Жібек пен Төлегенге қойылған ескерткішке жастар (қалай болады влюбленные?) барады, олар ол жерде бір-біріне (қалай болады преданность?), адал махаббат жайлы айтады. Мұғалім, Сізде бос уақыт болса, біздің Таразға келіңіз, өкінбейсіз».

Міне, осылай. Бұл – екінші рет жазылған нұсқа. Бірақ мұнда да әлі көркемдік жағы аз, образ ашылмаған. Тура осы тақырыпты бірінші курс аяқталғанда қайта жазуға тапсырма етіп беруге болады. Сонда алдыңғы екеуі мен соңғысын салыстырамыз. Студент өзінің қазақ тілін қаншалықты меңгергенін байқай алады. Бұл бір ғана мысал. Ондай тәжірибелер сабағымызда жиі кездеседі. Эссе жазуға үйрену бір айдың, немесе жарты жылдың көлемінде бола алмайды. Эссені әр студент өз мүмкіндігінше жаза алады, алайда көркем тілмен, бейнелі, тартымды етіп жазу үшін бір жыл да аздық етеді. Біз бір жыл бойы түрлі фразеологизмдер, көркем сөздер үйрету арқылы ғана ең соңында жақсы эссе жазуға үйрете аламыз. Мысалы, сабағымызда эссеге қажетті бейнелі, поэтикалы тіркестер, сөз оралымдарын өздік жұмыс тапсырмасын қабылдау кезінде қайталап сұрап, естеріне түсіріп отырамыз. Ал нақты бір грамматика, лексикалық тақырыптарды бір аптада, үш (бес, он) сағатта үйретуге, пысықтауға болады. Сол секілді танымдық, ақпараттық мәтінді оқытып, ойын дамытуға, қазақ тілін сауатты меңгеруіне де ықпал ете аламыз. Мысалы, төмендегідей тест тапсырмасын бердік дейік.

«Қазақтар өз өмірінде, тұрмысында көк жүзіндегі жұлдыздарды көп пайдаланған. Соған байланысты олардың әрқайсысына ат қойған. Мысалы: Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Таразы, Шолпан т.б. Міне, осыларға ат қойып, сырын ашқан адамды жұлдызшы деп атаған. Мұндай жұлдызшылар ежелгі түркі тайпалары мен қазақ арасынан көп шыққан. Олар жыл мезгілдерін, және тұрмысқа қажетті ақпаратты көпшілікке айтып отырған.

Жұлдызшылар көшпелілер өмірінде елеулі рөл атқарған. Олар адамның туған немесе белгілі бір жауапты іске кірісер кезінде жұлдыздардың өзара орналасуы бойынша сәуегейлік жасап, бал ашып, болашағын болжаған. Жолы болатын адамға: «Жұлдызы оңынан, айы солынан туып тұр» деген секілді жорамал айтқан.

Жетіқарақшы – аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Сырт көзге шөміш сияқты болып көрінеді. «Жетіқарақшы жамбасқа ойысыпты» деген секілді орын ауысуларына сүйеніп, уақыт пен ауа райы туралы болжамдар айтылады. Шолпан – күн бата салып не күн шығар алдында аз уақыт көрінетін жарық жұлдыз. Қазақтар Шолпанды таң жұлдызы деп атайды. Жақсы көрген адамын «Шолпаным», «жарық жұлдызым» [5] деуі бекер емес.

Берілген мәтін бойынша түрліше сұрақтар дайындауға болады. Солардың кейбіреуін былайша құрастырайық:

Сұраққа жауап беріңіз.

Адамды неліктен Шолпан жұлдызына теңеген?

- А) Шолпан – ерекше жарық жұлдыз.
- Б) Шолпан таң алдында шығады, аз уақыт тұрады.
- С) Шолпан – күнге жақын тұратын, жарық шашатын жұлдыз.
- Д) Шолпан «жақсы көру», «ұнату» деген мағынаны білдіреді.

Асты сызылған тіркестің мәтіндегі мағынасын табыңыз.

Жұлдызшылар жұлдыздардың өзара орналасуы бойынша сәуегейлік жасап, болжаған.

- A) Бал ашқан.
 - B) Өмірді болжаған.
 - C) Көріпкел сияқты болжаған.
 - D) Тылсым күштерге иелік еткен.
- Мәтінге тақырып қойыңыз.

- A) Шолпан
- B) Жұлдызшы
- C) Жетіқарақшы
- D) Жұлдыз жорамал

Осылайша құрастырылған тестер білім алушының ой-өрісін дамытумен қатар, әдеби нормаға сәйкес жазып, ой құрастыруды, тілдік оралымдарды да меңгеруге жетелейді. Бұл тапсырмалардан бөлек, күнделікті бұхаралық ақпарат құралдыранын беріліп жататын хабарларды, оқиға мазмұнын, саяси ақпараттарды да тыңдауына, өз бетінше ой қорытуына, пайым жасауына да ықпал ете отырып, ары қарай жетелеу абзал.

Қорытынды

Қазіргі кезде еліміздегі білім алушылардың басым бөлігі ана тілінде сауат ашады, оқиды. Сондықтан қазақ тілінде білім алған ұрпақтың мол шоғырының өсіп келе жатқаны қуантады. Бұл – мемлекеттік тіл тұғырының биіктеп, іргесінің нығая түсуі деген сөз. Жоғары оқу орнына қазақ тілінің бай сөздік қорымен, асыл арналарымен, ғажайып әдебиетімен сусындап келген шәкіртке шығармашылыққа баулитын тапсырмалар беру, оларды ары қарай жетілдіре түсу – қажетті талап болып қала бермек.

Қазақстандықтардың 95 пайызы мемлекеттік тілді меңгеруі қажет деген талап болған. Алға қойған бұл межеге қол жеткізу оңай емес, әрине. Бұл балабақшалардағы, мектептердегі, жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік тіл сабақтарының жүгі арта түседі деген сөз. Бұған қол жеткізу үшін жауапкершілікті де арттыру керек. Мысалы, қазақ тілін бірыңғай ұлттық тестілеуге міндетті пән ретінде енгізсе, мектеп оқушыларының оған салғырт қарауы тоқталар еді. Одан басқа да ұлтжандылыққа, туған елін құрметтеп, сыйлауға бағытталған түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, солардың бәрін қазақ тілінде жүргізу өз нәтижесін берері сөзсіз.

Әдебиет:

1. Асылбеков М.Х., Алдажұманов Қ.С., Қазақстан тарихы 3-том. Алматы: Атамұра, 2002. – 765 б.
2. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру / Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. – Астана: ҚРБҒМ «БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, 2014. – 28 бет.
3. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. Монография. – Астана, 2007.
4. Ерназарова З.Ш. Эссе түрлері. – Алматы, 2019. – 80 б.
5. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

Әdebiet:

1. Asylbekov M.H., Aldazhymanov Q.S., Qazaqstan tarihy 3-tom. Almaty: Atamyr, 2002. – 765 b.
2. Qazaq tilin mengerudіn kommunikativtik tildik qūzyrettilikteri. Ortadan zhoғary deñgej. ZHalpy mengeru/ Qazaqstan Respublikasynuñ memlekettik standarty.– Astana: ҚRBFМ «Ү. Altynsarin atyndary Ұlttyқ bilim akademiyaу» memlekettik qazynalyқ kәsiporny, 2014. – 28 bet.
3. Qұrman N.Zh. Qazaq tilin damyta oқyту tekhnologiyasy. Monografiya. – Astana, 2007.
4. Ernazarova Z.Sh. Esse tūrleri. – Almaty, 2019. – 80 b.
5. Qazaq tili zhәne ұlttyқ qūndylyқtar. Keshendi oқu qūraly. 1,2,3,4 kitap. – Almaty: Evero, 2018.

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-59-63

ӘОЖ 378.147

ҒТАМА 14.35.07

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІНДЕ ОҚЫТУ

Гоненко С.В., Мульдинова Э.С.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Қазіргі заманғы ғылыми және техникалық даму шеңберіндегі кез-келген қызмет саласы өзінің құрылымына жаңа түзетулер енгізіп, жалғастыруда. Білім беру саласының құрылымындағы өзгерістер, атап айтқанда, «Дене шынықтыру» пәні де ерекшелік емес.

Пән бойынша сабақтарды өткізу негізделетін негізгі құжаттама – пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК), жұмыс оқу бағдарламасы (ОЖЖ), сондай – ақ олардың құрамдас бөліктері болып табылады.

Қазіргі қалыптасқан жағдайда (пандемия) білім беру, негізінен, қашықтықтан білім беру сияқты оқыту түріне көшуге мәжбүр болды. Мұғалімдер, жаттықтырушылар және дене шынықтыру оқытушылары сабақтарды өткізудің жаңа әдістері мен құралдарын іздеуге мәжбүр болды.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтарды өткізу әдістемелерінің өзгеруі (тіпті координаттық) өзінің мақсаттылығын жоймайды. Мақсаты - студент жастарды тәрбиелеу, дамыту және олардың салауатты өмір салтын ұстануын қолдау, әлі де өзекті болып қала береді.

Түйінді сөздер: білім беру саласы, дене шынықтыру, дене шынықтырудың әдістері мен құралдары, салауатты өмір салты.

ОБУЧЕНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЁЖИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Гоненко С.В., Мульдинова Э.С.

СКУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Любая сфера деятельности, в рамках современного научного и технического развития, претерпела, и, продолжает вносить всё новые и новые коррективы в свою структуру. Изменения в структурности сферы образования, в частности – дисциплины «Физическая культура», не является исключением.

Основная документация, на что опирается проведение занятий по предмету, является – учебно-методический комплекс дисциплины (УМКД), рабочая учебная программа (РУП), а также – их составные части.

В сложившихся современных условиях (пандемия), образованию пришлось, в большей части, перейти на такой вид обучения, как – дистанционное. Педагогам, тренерам и преподавателям по физической культуре пришлось изыскивать новые методы и средства проведения занятий.

Изменение методик (даже координатные) в проведении занятий по дисциплине «Физическая культура», не отменяет свою целенаправленность. Цель – воспитание, развитие и поддержание здорового образа жизни у студенческой молодёжи, по прежнему остаётся актуальной.

Ключевые слова: сфера образования, физическая культура, методы и средства физической культуры, здоровый образ жизни.

STUDENT YOUTH TRAINING AT THE MODERN STAGE OF EDUCATION DEVELOPMENT

Gonenko S.V., Muldinova E.S.

NKU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan

Annotation

Any field of activity, within the framework of modern scientific and technical development, has undergone, and continues to make more and more adjustments to its structure. Changes in the structure of the sphere of education, in particular - the discipline "Physical culture", is no exception.

The main documentation on which the lessons on the subject are based is the educational-methodological complex of the discipline (EMCD), the working curriculum (WC), as well as their constituent parts.

In the current conditions (pandemic), education had, for the most part, to switch to such a type of education as distance learning. Physical education teachers, coaches and teachers had to find new methods and means of conducting classes.

Changing the methods (even coordinating ones) in conducting classes in the discipline "Physical culture" does not cancel its purposefulness. The goal - upbringing, development and maintenance of a healthy lifestyle among student youth, still remains relevant.

Key words: education, physical culture, methods and means of physical culture, healthy lifestyle.

Кіріспе

Соңғы уақытта ғылым мен білім өз құрылымында өте үлкен және үйлесімді өзгерістерге ұшырады. «Дене шынықтыру» пән ретінде мұндай үрдістер, инновациялар және олардың бағыттарындағы үйлесімді өзгерістер үшін ерекшелік болған жоқ.

Қалыптасқан жағдайларда (пандемия) осы бағыттағы мамандарға, оқытушылар мен жаттықтырушыларға дене тәрбиесінің жаңа әдістері мен құралдарын (өскелең ұрпақ үшін де, студент жастар үшін де) іздестіруге, жетілдіруге, әзірлеуге және енгізуге (сынақтан өткізуге) тура келді және бұл әлі де жалғасуда.

Оқытудың жаңа әдістерін жасаушылардың көпшілігінде негізгі болып табылатын осындай жетілдірулердің құрамдас бөліктерінің бірі – дене тәрбиесі мен жастарды дамытудың «классикалық» әдістерінің, сондай-ақ білім беру сегментінің қашықтық тармағына жататын әдістерінің үйлесімі.

Осындай жүйелендірілген технология бойынша оқыту келесі процестерде байланысады: а) білім алушының қызметін ұйымдастыру және бақылау; б) әдістемелік материалды іріктеу (әзірлеу) бойынша оқытушының (мұғалімнің, жаттықтырушының) қызметі, сондай-ақ олардың орналасқан жері бойынша қажетті ресурстарды ұсыну және оларға қол жеткізу.

Бұл процестер бір-бірімен тығыз байланысты және олардың үнемі өзара әрекеттесуі әрі қарай оқыту схемасын, сондай-ақ таңдалған техниканың тиімділігін анықтайды.

Бұл мәселені тереңірек зерттеу барысында (жастарды қашықтықтан оқыту жағдайында тәрбиелеу және дамыту) зерттеушілер «педагогикалық оқыту» сияқты ұғымға көбірек жүгінеді. Егер бұрын оқыту өзара байланысы мен өзара іс-қимылы анық байқалатын оқу процесінің «мұғалім – оқушы» болып келетін екі компонентінен (тармағынан) тұрса, қазіргі уақыттың реалиясында бұл «схема» кейбір өзгерістерге ұшырады. Енді «мұғалім – оқушы» құрылымына «мұғалім – оқу ақпаратының құрылымы – оқушы» аралық буыны қосылды [1]. Бұл қазіргі уақытта университеттегі толыққанды оқу қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Алайда, бұл зерттелетін мәселенің толық әлеуетін толық анықтамайды.

Университетте оқытудың заманауи шарттары материалды игерудің жаңа әдістері мен тәсілдерін практикада қолдануды емес, олардың жүйелілігін, сонымен қатар тиімді қайтарымдылығымен ынтымақтастықты талап етеді.

Зерттеу жұмысының әдістері мен бағыттары. Негізгі топтардың білім алушыларымен қатар денсаулық жағдайы бойынша ауытқулары бар студенттер үшін де (арнайы медициналық топ (АМТ) және емдік дене шынықтыру тобы (ЕДШ) үшін де әзірленген «Дене шынықтыру» пәнінің оқу-әдістемелік кешендері пәннің бағдарламалық материалын өз бетінше зерделеуге және игеруге бағытталған. Осылайша, электронды ресурстардағы материалмен жұмыс, ең алдымен, үйде жұмыс істеуге бағытталған (компьютерлік техника).


Зерттеу жұмысының нәтижелері. Әзірленген пәннің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) негізі бағыттар бойынша модульдерді біріктіру (оқытылатын спорт түрлері), ҚББ жүйесіне бейімделген міндеттер, сондай-ақ әдеби дереккөздерге (интернет ресурстармен қатар кітапхана қорына) сілтемелер болып табылатын қалыптасқан жүйе ретінде ұсынылған.

Пән бойынша ОӘК жүйелендірілгеннен кейін, дайындықтан өтіп, кешендерді әзірлеуде тиісті дағдыларды алғаннан кейін оқытушылар білім алушылардың алған білімдерін практикалық сабақтарда өз бетінше зерделеуге және қолдануға дайындалуына мүмкіндік беру үшін осы материалды (теориялық, практикалық және әдістемелік) электрондық базаға (пәннің электрондық контентін толтыру) орналастырады.

Контентте әзірленген кешендердің мазмұндылығын осындай түрде бөлу қолда бар деректер базасының барлық алуан түрлілігінен (электрондық және баспа көздері) жастардың дене тәрбиесіне, сондай-ақ өскелең ұрпақтың дене шынықтыруына ғана назар аударатын сегментті бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Электрондық контенттің градациясы мен құрылымы **1-суретте** көрсетілген.

Әзірленген кешендердің құрылымына енгізілген құралдардың, сондай-ақ олардың вариативтілігімен әдістердің алуан түрлілігі білім алушыларға барынша теориялық және әдістемелік білім алу мүмкіндігін пайдалануға мүмкіндік береді [2].



1 Сурет Электрондық контенттің құрылымы

Оқу және білім беру ақпаратына авторландырылған қолжетімділікке байланысты педагог пен білім алушының мүмкіндіктері мынадай: бірінші – пән бойынша өз ақпараттық құралдары (ақпарат көздері) қол жетімді, сондай – ақ оқытудың өзгеріп отыратын шарттарын ескере отырып, өзгерістер енгізу мүмкіндігі; екінші - жұмыс бағдарламасының зерделенетін бөліміне (модуліне) сәйкес контентке қол жеткізу құқығы.

Қашықтықтан білім беру (ҚББ) жағдайында білім беру процесінің құрылымдық компоненттерінің реттілігі мен өзара байланысы төменде **2-суретте** схемалық түрде көрсетілген.



2 Сурет ҚББ жағдайында білім беру үдерісі

Контент шеңберінде әзірленген кешендер мүмкіндіктердің өте кең спектріне ие, олардың бірі: бағдарлама модулі тақырыбы бойынша білім алушының өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар; дене қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар кешендерін орындау; тест тапсырмаларын орындау; зерттелетін бағдарлама модульдерінің мәселелерін талқылау үшін on-line қосу; презентациялық материалды орындау және т. б.

Электрондық контент мынадай түрде әзірленген: педагог орындалған жұмысты тапсырманың тиісті түрі бойынша тексере, бағалай және баға бере алады, ал білім алушы тапсырманы ала алады, оны орындай алады, орындалған жұмыстың электрондық журналда көрсетілген бағасымен таныса алады.

Әзірленген кешеннің бағдарламалық материалы құрылымының икемділігі оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Әзірленген кешен бойынша осындай дәйекті жұмыс барысында байқалған оң динамика, сондай-ақ материалды ұсыну және беру әдістері мен тәсілдерінің үйлесуі, оқушылардың денсаулық жағдайын жақсарту дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Соңғысы, өз кезегінде, дененің функционалды жүйесіне айтарлықтай әсер етеді, бұл кейде пәндер бойынша үлгерімді жақсартады. Осы тұрғыда оқу үлгерімі мен сауықтыру дәрежесі – бұл «дене шынықтыру» пәні бойынша да, таңдалған мамандық шеңберіндегі басқа пәндер бойынша да бірін-бірі толықтыратын компонент [3].

Арнайы медициналық топ (АМТ) және емдік дене шынықтыру тобына (ЕДШ) жататын студенттермен жұмыстың (денсаулық жағдайы бойынша дене шынықтырумен айналысуға шектеулері бар) бағдарламалық материалында ішінара басқа ерекшелік бар. Білім алушылардың осы контингентіне негізінен оқытудың жеке және/немесе топтық

әдістері қолданылады. Негізгі назар оқу кешенінің теориялық компонентін игеру дәрежесіне аударылады.

Өз ауруының ерекшелігін біле отырып, студент өз бетінше оқып, өз сұрағының ерекшелігіне назар аудара отырып, қолданылуы дененің физикалық дамуына және жалпы сауығуына пайдалы әсер ететін дене шынықтыру жаттығулары мен құралдарын таңдайды, Материалды игеру және зерттеу дәрежесін бақылау оқытушыға презентациялық материалды ұсыну арқылы, сонымен қатар спорт залында дайындалған жаттығулар жиынтығын орындау арқылы жүзеге асырылады.

Топтардағы бағдарламалық материалдың (негізгі, АМТ және ЕДШ) әртүрлі бағыттылығына қарамастан, техникалық құралдар мен электрондық-цифрлық база арқылы оқытушы мен білім алушының жұмыс принципі өзгеріссіз қалады.

Қорытынды

Оқу процесіне «электрондық-цифрлық және интернет ресурстар» сияқты компонентті енгізумен жоғары оқу орнындағы дене тәрбиесі мен дене шынықтыру біраз жаңаша өзгерістерге ие болды. Мұндай жаңалықтар пән бойынша бағдарламалық материалды игеру үдерісіне қайшы келмейді, керісінше, ғылым мен білім берудегі оқытудың басқа әдістерінің үнемі ашылуын ескере отырып, білімді неғұрлым өнімді және тұтас игеруге және оларды залда практикалық сабақтарда қолдануға ықпал етеді.

Осылайша, әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулармен бекітілген және дене шынықтыру бойынша практикалық сабақтарда жүзеге асырылған теориялық білім алу студенттердің үлгерімімен тікелей байланысты болып табылатын материалды игерудің «толық көрінісін» береді.

Әдебиет:

1. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Е.Н. Шиянов. 4-е издание. – Москва: Школьная пресса, 2002. – 512 с.
2. Гозман Л.Я. Дистанционное обучение на пороге XXI века: монография / Л.Я. Гозман, Е.Б. Шестопал. – Ростов-на-Дону: «Мысль», 1999. – 368 с.
3. Коваленко Т.Г. Модель здоровья человека в физическом воспитании: монография / Т.Г. Коваленко. – Волгоград: Серия «Труды учёных ВолГУ», 2005. – 282 с.

Әdebiet:

1. Pedagogika: uchebnoe posobie dlya studentov pedagogicheskikh uchebnyh zavedenij / V.A. Slastenin, I.F. Isaev, A.I. Mishchenko, E.N. SHiyanov. 4-e izdanie. – Moskva: SHkol'naya pressa, 2002. – 512 s.
2. Gozman L.Ya. Distancionnoe obuchenie na poroge XXI veka: monografiya / L.Ya. Gozman, E.B. Shestopal. – Rostov-na-Donu: «Mysl'», 1999. – 368 s.
3. Kovalenko T.G. Model' zdorov'ya cheloveka v fizicheskom vospitanii: monografiya / T.G. Kovalenko. – Volgograd: Seriya «Trudy uchyonyh VolGU», 2005. – 282 s.

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР /
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ / SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-64-70

ӘОЖ 336.7

ҒТАМА 06.73.55

БАНКТИҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІН ҚҰРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

Карипова А.М., Бактыбаева Д.С.

М. Қозыбаев атындағы СҚУ, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Банктердің тиімді инвестициялық қызметі үшін бағалы қағаздардың банктік портфелін оңтайландыру және басқару қажет. Портфельді басқарудың заманауи аппараты тиімді құралдардың жеткілікті арсеналына ие, олардың арасында бірқатар принциптер мен тәсілдер бар.

Қазақстан қор нарығының құбылмалылығы бухгалтерлік қызметтен кәсіптік қаржы агенттерінің (оның ішінде коммерциялық банктердің) негізгі функциясына - ресурстарды басқаруға баса назар аударуды талап етеді. Коммерциялық банктің заманауи инвестициялық портфелінің көп өлшемділігі дәстүрлі «бухгалтерлік» модель шеңберінен шығады, яғни портфельді басқару қызметінің нәтижелерін бухгалтерлік баланс жасау арқылы сипаттау. Тиісінше, қаржылық қызмет субъектісін ұйымдастыру шеңберінде инвестициялық портфельді басқару, моделін құру және технологиялық іске асыру проблемасы туындайды.

Портфель менеджменті саласындағы теориялық әзірлемелердің орасан зор әлеуетін ескере отырып, қазақстандық коммерциялық банктерде басқару модельдерін іс жүзінде енгізуде артта қалушылық бар. Коммерциялық банктердің стандартты ұйымдық құрылымы шеңберінде шешім қабылдау ресурстарды басқарудың заманауи мүмкіндіктері мен талаптарын көрсетпейді. Қазақстанда интернет пен ақпараттық технологиялардың дамуымен топ-менеджерлерге басқарушылық шешім қабылдауға бөлінетін уақыт күрт қысқарды. Осылайша, қаржы нарықтарындағы ресурстарды басқару моделін жасау ғана емес, оны практикалық іске асыру да коммерциялық банктің бәсекеге қабілеттілігінің факторына айналды. Зерттеудің өзектілігі - коммерциялық банктің ұйымдық құрылымын құрудан бастап, жетілдірілген ақпаратқа негізделген басқару модельдерін енгізумен аяқталатын инвестициялық портфельді басқару процесін практикалық іске асырудың кешенді тәсілінің болмауы.

Түйін сөздер: бағалы қағаздар, инвестициялық портфель, ресурстарды басқару, қаржылық нарық, портфельдің кірістілігі, портфельдің тәуекелділігі.

ФОРМИРОВАНИЕ И УПРАВЛЕНИЕ ИНВЕСТИЦИОННЫМ ПОРТФЕЛЕМ

БАНКА

Карипова А.М., Бактыбаева Д.С.

СКУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Для эффективной инвестиционной деятельности банков необходима оптимизация и управление банковским портфелем ценных бумаг. Современный аппарат управления портфелем имеет достаточный арсенал эффективных инструментов, среди которых ряд принципов и подходов.

Волатильность казахстанского фондового рынка требует от бухгалтерской службы повышенного внимания к основной функции профессиональных финансовых агентов (в том числе коммерческих банков) - управлению ресурсами. Многомерность современного инвестиционного портфеля коммерческого банка выходит за рамки традиционной «бухгалтерской» модели, то есть описания результатов деятельности по управлению портфелем путем составления бухгалтерского баланса. Соответственно, в рамках организации субъекта финансовой деятельности возникает проблема управления инвестиционным портфелем, построения модели и технологической реализации.

Учитывая огромный потенциал теоретических разработок в области портфельного менеджмента, в казахстанских коммерческих банках наблюдается отставание в практическом внедрении моделей управления. Принятие решений в рамках стандартной организационной структуры коммерческих банков не отражает современных возможностей и требований к управлению ресурсами. С развитием интернета и информационных технологий в Казахстане время, отводимое топ-менеджерам на принятие управленческих решений, резко сократилось. Таким образом, необходимо не только разработать модель управления ресурсами на финансовых рынках, его практическая реализация также стала фактором конкурентоспособности коммерческого банка. Актуальность исследования заключается в отсутствии комплексного подхода к практической реализации процесса управления инвестиционным портфелем, начиная с создания организационной структуры коммерческого банка и заканчивая внедрением моделей управления на основе усовершенствованной информации.

Ключевые слова: ценные бумаги, инвестиционный портфель, управление ресурсами, финансовый рынок, доходность портфеля, риск портфеля.

FORMATION AND MANAGEMENT OF THE BANK'S INVESTMENT PORTFOLIO Karipova A.M., Baktybaeva D.S.

M. Kozybayev North Kazakhstan university, Petropavlovsk, Kazakhstan

Annotation

For effective investment activity of banks, it is necessary to optimize and manage the bank's securities portfolio. The modern portfolio management system has a sufficient arsenal of effective tools, including a number of principles and approaches.

The volatility of the Kazakhstan stock market requires the accounting service to pay increased attention to the main function of professional financial agents (including commercial banks) - resource management. The multi-dimensionality of the modern investment portfolio of a commercial bank goes beyond the traditional "accounting" model, that is, the description of the results of portfolio management activities by drawing up the balance sheet. Accordingly, within the framework of the organization of the subject of financial activity, the problem of managing the investment portfolio, building a model and technological implementation arises.

Given the huge potential of theoretical developments in the field of portfolio management, Kazakhstan's commercial banks are lagging behind in the practical implementation of management models. Decision-making within the standard organizational structure of commercial banks does not reflect the current capabilities and requirements for resource management. With the development of the Internet and information technologies in Kazakhstan, the time allocated to top managers for making managerial decisions has sharply decreased. Thus, it is necessary not only to develop a model of resource management in the financial markets, its practical implementation has also become a factor in the competitiveness of a commercial bank. The relevance of the study lies in the lack of a comprehensive approach to the practical implementation of the investment portfolio management process, starting with the creation of the organizational structure of a commercial bank and ending with the introduction of management models based on improved information.

Keywords: securities, investment portfolio, resource management, financial market, portfolio profitability, portfolio risk.

Кіріспе

Инвестициялық портфель - бұл тәуелсіз инвестициялық объект ретінде тұтасымен басқарылатын бағалы қағаздар жиынтығы. Инвестициялық портфельде жоғары табыстылық және минималды қолайлы тәуекел сияқты қасиеттердің болғаны жөн. Инвестициялық портфельдің өтімді болуы, яғни портфельдің компоненттерін сату және инвестор үшін айтарлықтай шығынсыз қолма-қол ақша алу мүмкіндігі де маңызды. Сонымен қатар, инвестициялық портфельді әртараптандыру (диверсификациялау) керек, яғни оның құрамында әртүрлі типтегі, кластағы және эмитенттердегі бағалы қағаздар болатындай етіп қалыптастыру керек [1].

Жоғары рентабельді, сенімділігі және өтімділігі жоғары бағалы қағазды табу қиын. Сондықтан портфельдік инвестицияның мәні - қажетті параметрлерге қол жеткізу үшін инвестициялық ресурстарды активтердің әртүрлі топтары арасында дәл бөлу. Осы немесе басқа портфельді құрудағы қойылатын мақсаттар мен міндеттерге байланысты, инвестордың портфелін құрайтын активтердің әртүрлі түрлері арасында белгілі бір арақатынас таңдалады. Инвестициялық менеджердің басты міндеті - инвестордың қажеттіліктерін ескеру және ақылға қонымды тәуекел мен қолайлы кірісті біріктіретін бағалы қағаздар портфелін құру. Инвестициялық портфельді құру кезінде менеджер ең жоғары кірістілік пен минималды қолайлы тәуекелді қамтамасыз ететін бағалы қағаздарды таңдау қажет және де қандай эмитенттердің бағалы қағаздарына ақша қаражаттарын салу керектігін анықтап алуы қажет. Содан кейін инвестициялық портфельді әртараптандыруы керек. Инвестициялық портфельді қайта құрылымдау (реструктуризациялау). Қор нарығы өте қарқынды болғандықтан, онда болып жатқан өзгерістер инвестициялық портфель құрылымында көрініс табады. Сондықтан инвесторға портфельді қайта қарау, түзету, оның құрылымын өзгерту қажет. Инвестициялық портфельді бағалау. Инвестордың мақсаты капиталды ұлғайту болғандықтан, инвестицияның тиімділігін бағалау қажет. Осы саланың мамандары әзірлеген инвестициялық портфельді бағалау әдістері бар, атап айтқанда Шарп, Трейнор, Дженсен әдісі [2].

Зерттеу әдістері

Кез келген инвестор нарық пен оның туындылары туралы ойластырылған талдауға қабілетті бола бермейді. Ол үшін нарықтың жағдайын бақылайтын және сатып алу немесе сату туралы сигнал бере алатын кәсіпқойлар мен мамандардың пікіріне жүгінуге болады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, 1 кестеде көрсетілгендей инвестициялық портфельдердің бірнеше түрін ажыратуға болады [3].


1 Кесте Инвестициялық портфельдердің түрлері

№	Портфель түрі	Сипаттама
1	Өсу портфелі	Бұл портфельдің мәні активтердің өсуіне үмітпен инвестицияларды жүзеге асыруда, яғни бағасы өсіп келе жатқан немесе болашақта күрт өсуі мүмкін. Инвестор активті сатып алу және сату кезінде баға айырмашылығына байланысты пайда табады.
2	Тәуекелді капиталдың портфелі	Осы типтегі активтер жоғары табыс алуға бағытталған. Іске асыру құралдары тез өсіп келе жатқан эмиссиялық бағалы қағаздар, дамып келе жатқан компанияларға, технологияларға тәуекелді инвестициялар.
3	Кіріс портфелі	Инвестицияның осы түрінің негізгі міндеті - тұрақты пайда алу. Сондықтан сату құралдары тек сенімділік пен кепілдендірілген рентабельділік негізінде таңдалады. Облигацияларға инвестициялар, ірі компаниялардың акцияларынан дивидендтік кіріс алу осыған жатады.
4	Теңдестірілген портфель	Бұл түрге, аты айтып тұрғандай, өтеу мерзімі, тәуекел деңгейі, кірістілігі әр түрлі инвестициялар жатады.

Инвестиция жасамас бұрын, сұраққа жауап беру керек: ақша салуды бастамас бұрын нені білу керек? Жауабы келесідей:


1. Тәуекелді түсіну;
2. Инвестицияларды әртараптандыру;
3. Инвестициялардың ұзақ мерзімділігі.

Кез-келген инвестор 1 суретте көрсетілгендей капитал өсімі – бұл динамикалық процесс екенін түсінуі керек.



1 Сурет Капитал өсімі

Инвестицияларды әртараптандыру ең көп инвестициялық құралдарға капитал салудан тұрады. Дұрыс әртараптандыру жағдайында активтердің бір бөлігі кез-келген жолмен пайда әкеледі, бұл басқалардың шығынын жабуға мүмкіндік береді. Инвестордың тәжірибесіне және нарықты түсіну деңгейіне байланысты портфельдегі табысты активтердің пайызы өседі. 2 суретте әртараптандырудың дұрыс және қате мысалы келтірілген [4].



2 Сурет Дұрыс және қате инвестициялау

Инвестиция әр түрлі инвестициялық құралдарда ғана емес, сонымен қатар әр түрлі салаларда жүзеге асуы керек, бұл қауіпті жағдайлардың туындау мүмкіндігін едәуір азайтады. Сондай-ақ белгілі бір елдегі компаниялардың қызметін шектеу тәуекелдерін азайту үшін әр түрлі елдердің бағалы қағаздарына қаражат салған жөн. Алайда, активтерді барынша ұтымды әртараптандыру кезінде де жақын болашақта пайда күтпеу керек, бұл инвестициялардың ұзақ мерзімділігінің мәні болып табылады. Сонымен қатар, инвестициялық портфельді қалыптастырудың алғашқы қадамдарында шығындар болуы мүмкін. Осы кезеңдегі басты міндет - перспективада активтердің ең көп саны табысты болуында.

Сондай-ақ, кез-келген инвестор өз капиталын нарықты талдаусыз және инвестициялық стратегиясыз салмайтындығын есте ұстаған жөн. Ақпараттың қол жетімділігіне байланысты кез-келген адам өзінің бар капиталын ең аз тәуекелмен сақтай және көбейте алатындай етіп, нарықты оңай талдай алады.

Зерттеу нәтижелері

«ЦентрКредит Банк» АҚ - бұл әмбебап банк, оның қызметі орта таптың шағын және орта бизнесін дамытуға бағытталған. Банк әмбебап коммерциялық мекеме бола отырып, заңды және жеке тұлғаларға көптеген қызмет түрлерін ұсынады [5].


«BCC Invest» АҚ іс жүзінде 1998 жылдан бастап жұмыс істейді. Компания «KIB Asset Management» АҚ қайта тіркеуден өткен және «ЦентрКредит Банк» АҚ еншілес ұйымы болып табылады. Компанияның құрылуына нарық қажеттіліктері, инвестициялық банкингтің өсіп келе жатқан әлеуеті себеп болды [6].

2 Кесте 2017-2019 ж. пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер

(млн тг)

Активтер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	Өсу қарқыны, %	
				2018/2017	2019/2018
Туынды қаржы құралдары					
Шетелдік валюталарды сату-сатып алу келісімшарттары	19,495	27,177	-	39,4	-
Сауда бағалы қағаздары					
Қарыздық бағалы қағаздар					
ҚР-ның мемлекеттік облигациялары	3,086	4,093	542	32,63	-86,76
Корпоративтік облигациялар	9,278	7,736	8,945	-16,62	15,63
Үлестік бағалы қағаздар					
Қазақстандық компаниялардың акциялары	637	1,036	2,754	62,64	165,83
Халықаралық компаниялардың акциялары	22	46	-	109,09	-
Кепілге салынған РЕПО операциялары					
ҚР-ның мемлекеттік облигациялары	472	1,052	3,604	122,88	242,59
Корпоративтік облигациялар	602	1,536	3,544	155,15	130,73
Барлығы	33,592	42,676	19,389	27,04	-54,57


«ЦентрКредит Банк» АҚ-ның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтері туынды қаржы құралдарынан, сауда бағалы қағаздарынан және кепілге салынған РЕПО операцияларынан тұрады. Туынды қаржы құралына шетелдік валюталарды сату-сатып алу келісімшарттары жатады. Бұл келісімшарттар 2018 ж. 39,4%-ға көбейгенімен, 2019 ж. банк мүлдем сатып алған жоқ. Қарыздық бағалы қағаздардың үлесі айтарлықтай деуге болады. Оған ҚР-ның мемлекеттік облигациялары және корпоративтік облигациялар жатады. Дегенмен де, мемлекеттік облигациялардың үлесі жылдан жылға азаюда. Егер 2018 ж. 4093 млн тг құраса, 2019 ж. 542 млн тг ғана құрады. Корпоративтік облигациялар керісінше 15,63%-ға өсті. Үлестік бағалы қағаздарға Қазақстандық және халықаралық компаниялардың акциялары жатады. Қазақстандық компаниялардың акциялары жылдан жылға өсуде. Егер 2018 ж. 62,64%-ға өссе, 2019 ж. 1,65 есе көбейді. Бұл банктің отандық компанияларды жоғары деңгейде қаржыландыратының көрсетеді. 4 кестеде банктің 2017-2019 ж. кепілге салынған РЕПО операциялары көрсетілген [7].



3 Сурет 2017-2019 ж. кепілге салынған РЕПО операциялары (млн тг)

РЕПО операциясы - бір мезгілде жасалатын екі мәміленің бірінен тұратын операция. Кепілге салынған РЕПО операциялары корпоративтік және мемлекеттік облигациялардан тұрады. 2019 ж. ҚР-ның мемлекеттік облигациялары корпоративтік облигациялардан озды және 3604 млн тг құрады.

«ЦентрКредит Банк» АҚ-ның инвестициялық бағалы қағаздары амортизациялық құн бойынша және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардан тұрады. Инвестициялық бағалы қағаздардың құрылымында 97%-ды басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар алады.



4 Сурет 2017-2019 ж. инвестициялық бағалы қағаздар

Қорытынды

Қорытындылай келе, бағалы қағаздарға инвестициялау кірістілігі бойынша қызметтің маңызды бағыттарымен қатар (несиелеу) екінші орында. Несиелік операциялар айтарлықтай тәуекелге әкеледі деп саналады, сондықтан банк ресурстарының белгілі бір бөлігі жоғары өтімді активтер түрінде, атап айтқанда бағалы қағаздарға инвестициялар түрінде болады. Бағалы қағаздарға инвестициялау банкке уақытша бос қаражаттарды тиімді түрде пайдалануға және қысқа мерзімде тұрақты және жоғары кірістер алуға мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы. Алматы: Экономика, 2011.
2. Исқақов. Қаржы нарықты және делдалдар. Изд-во "Экономика", 2015. – 295 б.
3. Дасковский В., Киселев В. Совершенствование оценки эффективности инвестиций // Экономист. – 2013. - № 1. – С. 42-57.
4. Резников А.В. Общая проблематика инвестиционной деятельности кредитных организаций // Деньги и кредит. – 2017. - № 1. – С. 54-59.
5. <https://www.bcc.kz/>
6. <https://www.bcc-invest.kz/>
7. <https://kase.kz/ru/>

Әдебиет:

1. Көшенова В.А. Бағалы қағаздар нарығы. Алматы: Экономика, 2011.
2. Исқақов. Қаржы нарықты және делдалдар. Изд-во "Экономика", 2015. – 295 б.
3. Дасковский В., Киселев В. Совершенствование оценки эффективности инвестиций // Экономист. – 2013. - № 1. – С. 42-57.
4. Резников А.В. Общечая проблематика инвестиционной деятельности кредитных организаций // Деньги и кредит. – 2017. - № 1. – С. 54-59.
5. <https://www.bcc.kz/>
6. <https://www.bcc-invest.kz/>
7. <https://kase.kz/ru/>

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-71-77

УДК 908

МРНТИ 03.20.00

ВКЛАД ШКОЛ КУСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В ОБОРОНУ СТРАНЫ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ

Жалелов А.А.

КРУ им. А. Байтұрсынова, Костанай, Казахстан

Аннотация

Рассматриваются вопросы, связанные с вкладом школ Костанайской области в оборону страны в 1941-1945 годах. Особую роль занимает деятельность учащихся школ и учителей в их стремлении оказать помощь фронту, несмотря на социально-экономические трудности в период Великой Отечественной войны.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, оборона, Костанайская область, школы, учащиеся и учителя, полевые работы.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЕЛДІ ҚОРҒАУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Жалелов А.А.

А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай, Қазақстан

Андатпа

Қостанай облысы мектептерінің 1941-1945 жылдары ел қорғанысына қосқан үлесіне байланысты мәселелер қарастырылуда. Ұлы Отан соғысы кезіндегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан, майданға көмек көрсетуге ұмтылуда мектеп оқушылары мен мұғалімдердің қызметі ерекше рөл атқарады.

Түйінді сөздер: Ұлы Отан соғысы, қорғаныс, Қостанай облысы, мектептер, оқушылар мен мұғалімдер, дала жұмыстары.

CONTRIBUTION OF SCHOOLS OF THE KOSTANAY REGION TO THE DEFENSE OF THE COUNTRY IN THE GREAT PATRIOTIC WAR

Zhalelov A.A.

KRU named after A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan

Abstract

The issues related to the contribution of schools of the Kostanay region to the defense of the country in 1941-1945 are considered. A special role is played by the activities of school students and teachers in their desire to help the front, despite the socio-economic difficulties during the Great Patriotic War.

Keywords: Great Patriotic War, defense, Kostanay region, schools, students and teachers, field work.

Введение

С начала Великой Отечественной войны резко обострилась социально-экономическая ситуация в государстве. Актуализировалась проблема переориентации промышленности и аграрного сектора на военные нужды. Колхозам и совхозам предстояло адаптировать формы и методы работы к условиям военного времени. Именно в этот период каждый человек почувствовал свою роль в деле формирования

Великой Победы. Разворачивалась информационно-агитационная и пропагандистская работа в хозяйствах, учреждениях и учебных заведениях. Значительная ответственность возлагалась на школьных учителей. Они обладали различными методиками направленными на пробуждение патриотических чувств у учащихся. Многие ученики подросткового возраста были полны решимости отправиться на фронт и с оружием в руках сражаться с противником. Обязанность учителя состояла в привитии учащимся осуществления собственного долга перед Родиной, что подразумевало широкий комплекс обязательств учеников, в частности оказание бескорыстной помощи старшим, добровольное участие в многочисленных акциях, работе на заводах и в сельских хозяйствах.

Методы исследования

В работе использованы сравнительно-исторический, историко-динамический методы исследования.

Результаты исследования и дискуссия

В этот период начинается процесс массового обучения учителей нормам ПВХО. Для школьников в возрасте от 8 до 15 лет намечалась 22-часовая программа обучению ПВХО. Занятия проводились ежедневно по 2 часа, без разделения на группы. В летние каникулы обучение осуществлялось в пионерских лагерях, форпостах, дворцах пионеров, клубах и других детских учреждениях. Преподаватели в обязательном порядке привлекались к работе по обучению нормам ПВХО школьников и новоявленных инструкторов. Занятия на курсах по подготовке инструкторов проводились ежедневно по 6 часов, а в выходные дни по 10 часов [1, Л.3]. Помимо оборонных курсов, в старших классах вводились новые предметы. Так, в целях создания резерва механических кадров, исполкомом было принято решение ввести в 34 СШ области специальный предмет. С середины декабря 1941 года учащиеся начали изучать трактор, комбайн или автомашину. Эти предметы вводились в учебный план школ по 120 часовой программе. По плану контингент изучения трактора составлял 1010 человек, комбайна - 600 человек, автомашин - 90 человек. Придавая исключительно важное значение качественной подготовке учащихся, государство обеспечивало школы необходимой техникой, опытными механиками, учебными и наглядными пособиями [2, Л.122].

На основании постановления СНК СССР от 2 июля 1941 года, районным и городским исполкомам разрешалось в условиях военного времени привлекать в организованном порядке учащихся 7-10 классов. Зафиксирована продолжительность рабочего дня учащихся на сельскохозяйственных работах - от 6 до 8 часов. Эти цифры варьировались в зависимости от возраста учащихся и характера работ. Материально-бытовые условия, медицинское обслуживание и питание школьников обеспечивали руководство колхозов и совхозов, в которых они работали. Из постановления также известно, что учет и оплата труда учащихся производился на общих основаниях. То есть, в силу возраста и положения учащихся - никаких надбавок или урезок в оплате не существовало. Закономерно, что организационная работа по привлечению учащихся на полевые работы ложилась на органы отделов образования, и в первую очередь на учителей [3, Л.101].

Одними из первых в области, учительница Мусагалиева Халима и старшая пионервожатая Исмаилова Рамза организовали группу школьников в 17 человек для помощи сельхозартели «Самир». Ежедневно они пропалывали посеы, убирали сено, проводили оросительные работы [4, Л.3]. Учителя Больше-Чураковской школы

Убаганского района, единодушно отказались от летнего отпуска, сформировали бригады школьников для помощи колхозу «Красный восток» в полевых работах. Они выступили с заявлением о призыве всех учителей и учащихся Кустанайской области личным трудом в уборке урожая принять активное участие в укреплении оборонной мощи Родины [5, Л.3]. Таким образом, ученики школ были задействованы на осенне-летних полевых работах. Например, в летне-осенней полевой кампании Казахстана работало более 250 тысяч школьников из 864 тысяч вовлеченных в школы. Ими только в колхозах было выработано свыше 6 млн. трудодней. Из более чем 39 тысяч учителей 17 тысяч были задействованы на аграрных работах [6, Л.44].

Особое внимание уделялось качеству проводимых работ. Школьники и учителя предпринимали все меры для снижения потерь в период аграрно-полевых работ. Практиковалась процедура социалистических соревнований между школами. В частности, учащиеся и педагоги школы имени Октябрьской революции города Джамбула обратились ко всем школьникам и учителям Казахстана, с призывом к организации социалистических соревнований школ за массовый выезд в колхозы и совхозы. Учащихся и учителей на прополку урожая, большую выработку трудодней и лучшее качество работы. СНК и ЦК КП(б) Казахстана с целью реализации инициативы джамбульской школы приняли постановление в содержании которого одобрили данное письмо. В этом постановлении прозвучало предложение руководителям всех уровней административным и партийным работникам, отделам народного образования обсудить это письмо на коллективных собраниях учащихся и учителей всех школ с рекомендацией поддержать инициаторов соревнования. На партийные комитеты возлагалась ответственность возглавить и осуществить руководство данным соревнованием. Один раз с периодичностью в декаду обобщать ход соревнования и информировать коллективы школ о результатах их деятельности. В этот период учреждалась переходящее Красное знамя НКП и ЦК ЛКСМ Казахстана и денежные премии для коллективов школ, которые могли достигнуть высоких показателей работы в коллективных хозяйствах [7, Л.2]. В источниках наглядно отражена методика и принцип работы одной из школ. В частности, школы имени Крупской Джамбульской области. Коллектив этой школы работал в колхозе имени Куйбышева. Отряды школы делились на взводы и отделения. Соответственно данными подразделениями руководили командиры в лице учителей и старших учащихся. Вводился военизированный режим управления. Подъем в 5 часов утра, завтрак и зарядка до 6 часов, с 6 до 12 часов - хозяйственно-полевые работы, с 12 до 3 часов - отдых и обед, с 15.00 до 21.00 - полевые работы. С 21.00 до 22.00 -ужин и подведение итогов, с 22.00 часов – отбой [8, Л.42].

В Кустанайской области в этот период одними из лучших школ по факту участия в соревновании считались Аксуатская НСШ Мендыгаринского района, Банновская СШ Федоровского района, Больше-Чураковская Убаганского района. По итогам соцсоревнования премировалось 10 школ, 502 учителя и 1766 учащихся [9, Л.48].

Организаторы соревнования отмечали качество учителей Мерекова из Свердловской НСШ Убаганского района, Синельникова из Силантьевской НСШ и других. По итогам 1942 года школьники области в количестве 22 тысяч учеников за период проведения сельскохозяйственных работ выработали 382,363 трудодня. 31 ученик и 16 учителей получили грамоты НКП и ЦК ЛКСМ за отличную работу. Например, учащиеся и педагоги аула Аксуат Мендыгаринского района свыше 3 месяцев безвыездно работали в поле. С ними работало 5 учителей. К концу августа

школьники и учителя выработали 2,488 трудодней. Отряд по сбору колосьев, работавший под руководством учительницы Ермагамбетовой, ежедневно перевыполнял норму - каждый ученик собирал колосков на 5 снопов. Ежедневно отряд собирал не менее 2 центнеров чистого зерна. Второй отряд, состоявший из 14 человек, выборочно убирал спелые метелки проса. Каждый день в поля выходило по два воза. Обмолот каждого их низ давал 3 центнера чистого проса. Таким образом, учащиеся каждый день сберегали 36 пудов проса. С наступлением учебной поры, учащиеся начальных классов пошли в школу. Занятия у учеников старших классов по факту затянувшейся уборки начались позже. На коллективном собрании ученики решили продолжить полевые работы, каждый день после занятий вместе с учителями организованно проводить сборы колосьев [10, Л.1]. Помимо работ на поле, учащиеся оказывали и другую практическую помощь колхозам - ремонт зданий, заготовка топлива, шефство над животными, подвоз корма и т.д. Например, в Александровской СШ Кустанайского района - учащиеся следили над 18 жеребятами и 27 ягнятами; в Бурлинской СШ Карабалыкского района - над 34 телятами; в Банновской СШ Федоровского района - над 18 ягнятами и т.д [11, Л.138-139].

В школах области насчитывалось 650 тимуровских команд. Тимуровцы оказывали всемерную помощь семьям красноармейцев: пилили дрова, осуществляли надзор за детьми, выполняли другие работы. Тимуровцы Урицкого района шефствовали над детским домом. В СШ имени Кирова функционировало 8 тимуровских в количестве 87 учеников. Они оказывали помощь 218 семьям красноармейцев. Тимуровцы осуществляли шефство над отстающими учениками: на собственные средства приобрели 5 ученикам обувь, одежду и т.д [12, Л.140]. На начальном этапе войны в области числилось около 15 тысяч пионеров, 1180 комсомольцев, 4177 октябрят. Пионеры области собрали 66 тысяч рублей на самолет «Пионер Казахстана» и лодку «Отличница». Вклад пионеров на танковую колонну «Пионер Казахстана» составил 210,722 рубля. Они приняли участие в отправке 2,000 комплектов вещей детям Ростовской области [13, Л.141-142]. Педагоги и ученики области собрали общее количество средств на строительство танковых колонн «Колхозник Казахстана», «Учитель Казахстана», «Народный учитель» - 269,414 рублей. Школьники на подарки красноармейцам внесли более 140 тысяч рублей. Таким образом, коллективы школ принимали активное участие в оказании помощи Красной Армии [14, Л.9,12].

Проводилась массово-разъяснительная работа среди учителей, учащихся и их родителей о задачах и условиях труда учащихся в колхозах и совхозах. Строгий контроль велся за правильным использованием труда учащихся, за их материально-бытовые условия и постановкой воспитательных работ во время полевых работ. Для более низкого порога вхождения, при школах организовывались кружки по программам НКП по изучению основ сельского хозяйства и ухода за скотом. Большая нагрузка ложилась на плечи учительства. Помимо работ на поле, им вменялась роль культбригадиров, агитаторов и политруков. Среди населения учителями проводились беседы: "О роли женщины колхозницы и укреплении оборонной мощи СССР", "О проведении весеннего сева", "О развитии животноводства" и многие другие. Так, например, во время посевной 1943 года учителя Мендыгаринского района выпустили 498 боевых листов, провели 762 бесед и читок. Из лучших учителей отбирались кадры для работы на сельских детских площадках во время полевых работ, с целью не оставлять маленьких детей, предоставленных самим себе [15, Л.13]. Пристальное внимание велось за трудовым воспитанием детей и их привлечению к общественно-

полезному труду. В связи с этим, решением исполкома от 5 февраля 1943 года было решено организовать при школах области учебно-производственные мастерские. В оные принимались дети и подростки с 12 до 15 лет. В первую очередь зачислялись эвакуированные, многосемейные, сироты, дети фронтовиков. Работающие в мастерских дети занимались производственными заказами, зависящими от направленности мастерской: столярная, гончарная, по ремонту обуви или по переработке шерсти. Работая по три часа в день в неурочное время, дети получали свою заработную плату на общих основаниях. Таким образом, наряду с практической целью данного нововведения, задачей являлось: обучение детей ремеслу, привития интереса к технике и стремления к знаниям [16, Л.3-4].

Посильный вклад учащихся и учителей в дело обороны страны продолжал освещаться на страницах областных и районных газет. Так, например, отмечена учительница Мария Серова. С окончанием учебного года она пошла работать агитатором в сенокосную бригаду. Молодая учительница проводила читку газет и художественной литературы, организовала общеколхозную стенгазету, выпускала боевые листки, объясняла колхозникам постановления обкома КП(б)К и облисполкома. С помощью боевого настроения агитатора было организовано социалистическое соревнование между косарями. Учитель Красноармейской НСШ Александр Стуров. Ежедневно он помогал скашивать колхозу по 4 гектара в день. Зайда Султанова - учительница географии Берликской НСШ Узункольского района, работая с детьми на колхозных полях, она выработала 220 трудодней. А ее ученики под непосредственным руководством учителя заработали 9,112 трудовых дней. Испандияр Кубеев - учитель орденоносец, директор Аксаутской неполной средней школы. Отмечалось отличная постановка учебно-воспитательной работы в его школе. Учащиеся под его руководством проводили большую работу в помощь колхозу, приобретая с ранних лет качества активиста-общественника [17, Л.1]. Из отчета облоно о работе школ известно, что на сельскохозяйственных работах в 1944 году участвовало более 21 тысячи учащихся. В общей сложности ими была заработано 896,596 трудодней [18, Л.19]. Заведующей школьным сектором облоно А. Кошкиной подводился промежуточный итог работы школьных отрядов на полевых работах. В помощи уборки урожая хлеба, картофеля, овощей и технических культур многие учащиеся показывали самоотверженность. Учащиеся 5 класса Придорожной семилетней школы Тарановского района Нулин и Бойко работая на покосе, скашивали по 4,5 га в день. Ученик 7 класса Сабанкульской школы Жакин за два месяца заработал 107 трудодней. Шестиклассница этой же школы Ещанова заработала 87 трудовых дней, 24 ученика этой школы на прополке удалось добиться отметки в 1,399 трудодней, прополов 615 га зерновых культур. В общей сложности силами школьников Тарановского района было прополото 4,500 га зерновых культур и заработано 8,968 трудодней. Учащиеся Пешковского района пропололи 1,809 га, убрали урожай с площади 300 га, заработав 9,800 трудовых дней. Почти 600 школьных отрядов учащихся работали на полях колхозов области [19, Л.1]. Многие учащиеся занимались сбором лекарственных растений, коих удалось собрать 395 килограмм: шиповник, корень валериана, шалфей и др. Управление школ НКП разработало методическое пособие для пионеров и школьников по заготовке дикорастущих лекарственных и полезных растениях. В коих указывалась методика распознавания, сбора и сушки растений, с последующей сдачей в заготовительные конторы.

Одной из форм помощи государству в те годы были государственные военные займы. Государственный заем это форма кредита, при котором заемщиком выступает государство. Согласно договору, заемщик(в данном случае государство) брало деньги у заимодавца(т.е. у населения страны) для покрытия государственных расходов и проведение целевых мероприятий, на которые у государства нет средств. В СССР больше всего были распространены выигрышные государственные займы. Например, в 1944 году во время подписки на Третий Государственный Военный Заем, коллектив учителей Рязановской средней школы Кустанайского района подписался на двухмесячную зарплату - 16 тысяч рублей. Среди них учительницы Рабинович Е.А. - 2000 рублей, Гузик В.М. - 2000 рублей, Буковский Е.А. - 1800 рублей, Дедова О.И. - 1350 рублей, Дедова Л.И. - 1050 рублей, директор школы Хван М.С. - 3000 рублей. Учащиеся подписались на две тысячи рублей, технический персонал также на две тысячи рублей. Всего подписка составила 20 тысяч рублей [20, Л.2]. Заем среди учителей и учащихся Кустанайской средней школы им. Крупской. Коллектив учителей подписался на полуторамесячный заработок в сумме 35,450 рублей. Преподаватели Фандеев, Семерова, Шимчик подписались на двухмесячный заработок. Учащиеся подписались на 8200 рублей и внесли наличными 2000 рублей. Особенно были выделены по подписке 8А класс - классный руководитель Михалкина, 7А класс – Михалевская [21, Л.2].

Заключение

Школы, представленные в лице учащихся и учителей внесли достойную лепту в оборону страны на начальном этапе войны. Они оказывали помощь точечно(детям и семьям красноармейцев, пожилым, вдовам) и на уровне целых коллективов(колхозы, совхозы, детские дома), в условиях крайней нехватки рабочих рук, вызванного мобилизацией взрослого населения на фронт. Школы Кустанайской области, несмотря на социально-экономические, материальные трудности военного времени, не только успешно продолжали свою основную общеобразовательную деятельность, но и принимали активное участие в движении «Все для фронта, все для Победы».

Литература:

1. Инструкция о порядке организации всеобщей обязательной подготовке населения КазССР к ПВХО // Сталинский путь. 9 июля 1941 года.
2. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.166. Л. 122.
3. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.166. Л. 101.
4. На помощь колхозу // Сталинский путь. 4 июля 1941 года.
5. Мы пойдем с учащимися на поля колхозов // Сталинский путь. 11 июля 1941 года.
6. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.306. Л.236
7. В Совнарком КССР и ЦК КП(б)К. О письме учащихся и учителей школы имени Октябрьской Революции г. Джамбула ко всем школьникам и учителям Казахстана // Сталинский путь. 5 июня 1942 года.
8. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.618а. Л.82
9. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.618а. Л.82
10. Каждое зерно пуд бережет // Сталинский путь. 26 сентября 1942 года.
11. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.727. Л.160
12. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.727. Л.160
13. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.727. Л.160
14. ЦГА РК. Ф.1692. Оп.1. Д.734. Л.13
15. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.206. Л. 13.
16. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.206. Л. 3-4.
17. Советская интеллигенция в Отечественной войне // Сталинский путь. 5 декабря 1943 года.

18. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.211. Л. 19.
19. Школьные отряды на полях колхозов // Сталинский путь. 27 сентября 1944 года.
20. Подписываются учителя // Сталинский путь. 7 мая 1944 года.
21. Школьники - Родине // Сталинский путь. 7 мая 1944 года.

Literatura:

1. Instrukciya o poryadke organizacii vseobshchej obyazatel'noj podgotovke naseleniya KazSSR k PVHO // Stalinskij put'. 9 iyulya 1941 goda.
2. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.166. Л. 122.
3. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.166. Л. 101.
4. Na pomoshch' kolhozu // Stalinskij put'. 4 iyulya 1941 goda.
5. My pojdem s uchashchimisya na polya kolhozov // Stalinskij put'. 11 iyulya 1941 goda.
6. CGA RK. F.1692. Op.1. D.306. L.236
7. V Sovnarkome KSSR i СК КР(б)К. O pis'me uchashchihsya i uchitelej shkoly imeni Oktyabr'skoj Revolyucii g. Dzhabula ko vsem shkol'nikam i uchitelyam Kazahstana // Stalinskij put'. 5 iyunya 1942 goda.
8. CGA RK. F.1692. Op.1. D.618a. L.82
9. CGA RK. F.1692. Op.1. D.618a. L.82
10. Kazhdoe zerno pud berezhet // Stalinskij put'. 26 sentyabrya 1942 goda.
11. CGA RK. F.1692. Op.1. D.727. L.160
12. CGA RK. F.1692. Op.1. D.727. L.160
13. CGA RK. F.1692. Op.1. D.727. L.160
14. CGA RK. F.1692. Op.1. D.734. L.13
15. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.206. Л. 13.
16. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.206. Л. 3-4.
17. Sovetskaya intelligenciya v Otechestvennoj vojne // Stalinskij put'. 5 dekabrya 1943 goda.
18. ГАКО. Ф.250. Оп.1. Д.211. Л. 19.
19. Shkol'nye otryady na polyah kolhozov // Stalinskij put'. 27 sentyabrya 1944 goda.
20. Podpisyvayutsya uchitelya // Stalinskij put'. 7 maya 1944 goda.
21. Shkol'niki - Rodine // Stalinskij put'. 7 maya 1944 goda.

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-78-83

ӘОЖ 94

ҒТАМА 03.20

ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ – ЕЛ НАРАЗЫЛЫҒЫ

Саян Карина¹, Гүл-Гүл Төлешева²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Алматы, Қазақстан

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Мемлекеттегі басты потенциал – халық. Халықтың көңілі толмаса, наразылық білдірудің бірнеше жолы бар. Ел ішіндегі толқулар сөз жоқ, билік басқарып отырғандардың саясатын дұрыс түсінбеушіліктен, оң қабылдамаудан орын алады. Уақытылы шешілмеген жайт түрлі наразылықтарға алып келеді. ХХ ғасырдың басында орын алған петициялар соның бір көрінісі. Бұл тақырып тарихшылар, саясаткерлер, журналистер, әлеуметтанушылар қатарынан зерттеліп келеді. Десек те, толық бағасын әлі алған жоқ.

ПЕТИЦИЯ ҚАРҚАРАЛЫ – ПРОТЕСТ НАРОДА

Саян Карина¹, Гүл-Гүл Төлешева²

¹Казахский государственный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Главный потенциал государства – это народ. Если народ недоволен, существует несколько способов его выражения. Волнения внутри страны происходят, несомненно, из-за неправильного понимания политики власти и требуют положительного решения. Несвоевременное разрешение проблем приводит к различным протестам. Петиции, имевшие место в начале ХХ века, являются проявлением разногласия общества. Эта тема изучается многими историками, политиками, журналистами, социологами. Но полную цену пока никто не дал.

KARKARALY'S PETITION IS A PROTEST OF THE PEOPLE

Sayan Karina¹, Gul-Gul Tulesheva²

¹Al-Farabi Kazakh State University, Almaty, Kazakhstan

²M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan

Annotation

The main potential in the state is the people. There are several ways to express dissatisfaction if people are unhappy. Unrest within the country is undoubtedly due to a misunderstanding of the policy of the ruling, due to positive rejection. Untimely resolution leads to various protests. The petitions that took place at the beginning of the twentieth century are one of the manifestations of this. This topic is studied from among historians, politicians, journalists, sociologists. But I haven't received the full price yet.

Кіріспе

«Қарқаралы петициясы» деген атпен тарихта аты қалған қозғалыстың қазақ елі үшін маңызы зор. Бұл, әрине, елдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық ахуалдың төмендеп кетуінен халықтың наразылығы қордаланып келіп, бұрқ еткен оқиға. Қоғамдық ортаның түйткілді мәселелерінен халық құқығын қорғауды мақсат еткен саналы азаматтар талап-өтініштерімен жоғарғы билік органдарына хат жолдаған болатын. Бұл қозғалыстың маңыздылығы – оны бастаушы тұлғалардың қоғамдық мәселелерге сараптама жасап, ел тіршілігіндегі әртүрлі бағыттардың бұқараның көзқарасынан алшақтап бара жатқандығын ашық көрсетуінде.

Ресей патшалығының отарлау саясатынан қиындық көрген халықтың еңсесі күннен-күнге төмендей бастады. Қазақтың жерін, бай табиғатын молынан пайдалануды азсынған отарлаушы жақ өз діттеген ойларын түбегейлі ету үшін жергілікті халықты іштен бағындырып, рухани жан-дүниесін тоздырып жіберуді көздеді. Ұлтты тілінен, діні мен ділінен айыру жолында күйтырқы әрекеттерін ұйымдастырды.

«Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті де керек емес нәрселерге жұмсалады... Халық күйзелісін жан-тәнімен сезінген сандаған адам есепсіз қаражат шашып Петербурға жол тартып, министрлердің табалдырығын тоздырады. Бірақ, оған құлақ асқан министрлер болмады... Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдеп-ғұрпымызға, біздің моллаларға ғана тиісті неке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды...», – деп жазады Міржақып Дулатов «Серке» газетінің 1907 жылғы 84 санында [1].

Ресей патшалығының отарлау саясаты жергілікті халықты қай жағынан болса да қанау, жаншып, жоқ қылу мақсатын тұтты. Жері байтақ елдің байлығын қолға алу үшін жүргізілген саясат халықтың әлеуметтік ахуалына кері әсер етті. Осыны көріп отырған қазақ азаматтары бейбітшілік түрде наразылықтарын білдіруге бел буды. Егер тарихқа көз жүгіртер болсақ, ХХ ғасырдың басы қазақ жерінде жұмысшы табының қалыптасуымен ерекшеленеді. Осы заманда әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар пайда болып, қалалық жерлерде шағын кәсіпкерлікпен айналысатындар қатары көбейді. Молда оқуынан асып, білім алудың жаңа жолдарына бет бұрған азаматтардың қатарынан елі мен жері үшін күреске дайын зиялы қауым қалыптасты. Солардың басшылығымен наразылық қозғалыстары көріне бастады. Бұл жерде ескере кететін жайт, қазақ топырағында халықтың бас көтеріп, өз құқығын білдіруге арналған көтерілістер болмады деуден аулақпыз. Мәселен, 1822–1825 жылдардағы Жоламан Тіленшіұлы бастаған қазақтардың патша үкіметіне қарсы көтерілісі, 1836–1838 жылдардағы Бөкей хандығы қазақтарының Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісі, 1837–1847 жылдардағы-қазақтардың Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі. Бұл – халықтық сипат алған ірі көтерілістер. Олардың да бұқараның саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуалға білдірілген наразылығынан туындағаны рас. Десек те, ХХ ғасырдың басындағы саясатқа зиялы көшбасшылар халықтың үлкен көтерілістерге әлі дайын емес екендігін біліп, наразылықты бейбіт түрде білдіруге бел буды.

Тарихшы М. Қойгелдиевтің зерттеу деректеріне сүйенсек, қазақ қоғамының наразылық танытып, петиция түрінде өз көзқарастарын білдіруге сол замандағы ресейліктердің алғашқы революциясы ықпал еткен. Ол толқудың басында жаңа әлеуметтік күш ретінде қалыптасқан ұлт-азаттық интеллигенция тұрғандығы айтылады.

Бірінші орыс революциясы (1905–1907 жж.) Ресей халықтарының саяси-азаттық санасына қозғау салып қана қоймай, қазақ халқы сияқты бұратана саналған халықтарды да саяси бостандыққа шақырды. Соның ызғарымен еліміздің шығыс өңірінде саяси ереуілдерге шығып, манифестациялық толқулар кең өріс алды. Патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсылық білдіріп, әр жерден петициялар жіберіле бастады. Өткен ғасыр басында халықтың өтініш-талабын арқалаған бірнеше петиция болғандығын өз зерттеуінде профессор Зарқын Тайшыбай да көрсетеді. Соның бірі – Қоянды жәрмеңкесінде ұйымдастырылған петиция.

«Қарқаралы петициясы» сол замандағы отарлаушы мемлекеттің билік өкілдеріне халық атынан жолданған мазмұны терең, позициясы айқын құжат болды. Оның тарихын қысқаша сипаттар болсақ, 1905 жылдың маусым айында қазақ халқының атынан Ресей императоры II Николай патшаға өтініш-талап хаты жолданады. Қарқаралы қаласының маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде ұйымдастырылған болатын. Ол құжатқа Семей облысына қарайтын Қарқаралы уезінің беделді, ел ішіне танымал 42 азаматтың қолы жиналады. Кейін олардың бастамасын Семей мен Ақмола облыстарының тұрғындары да қоштап әкетеді. Патшаға жолданған өтініш-талап Қарқаралы қаласында орналасқан пошта-телеграф арқылы жөнелтіледі, сондықтан атауы осылай аталса керек. Тарихшылар құжаттағы мәтінді сауатты да түсінікті жазу үшін Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев, Т. Нүрекенов сияқты саяси қайраткерлердің белсенді ат салысқандығын тілге тиек етеді.

«Шындығында бұл жалғыз ғана петиция емес. Біздің анықтауымыз бойынша, әрқайсысы өзінше бөлек, дербес мазмұндағы бірнеше құжат. Олар жеке-жеке: Ресей Императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолдаған», – дейді осы оқиғаның мән-мағынасын зерттеп жүрген ғалым Зарқын Тайшыбай [3, 80]. Ол Ресей патшасының атына жіберілген жеделхаттың түпнұсқасын қолына түсіріп, қазақшаға аударған.

Бұл петицияның тарихта қалудағы басты себебінің бірі сол кездің өзінде оның маңызды болғандығында. Қазақ халқы үшін ғана емес, билік жүргізіп отырған Орыс патшалағы үшін де. Бұл құжат жарияланып, қолды-қолға тигеннен кейін-ақ билік етуші үкімет мемлекет қауіпсіздігі үшін жанталаса іске кіріскендігі айтылады. Біздің бұл ойымыз тарихшылар мен зерттеушілердің пікірінен сабақтасады. Мәселен, Зарқын Тайшыбайдың «...Билік иелерінің секем алатын жөні бар, өйткені, оған қол қойғандар түгелге жуық ел билеуші қазақтар, былайша айтқанда Қыр елінің қаймағы еді. Ондаған жылдар бойы айтқанына көніп, айдағанына жүрген момын, қараңғы, «бұратана» халықтың бұлайша оянуынан үкімет қатты сескенген», – деген тоқтамы назар аудартады [4].

Тарих белесін парақтасақ, сол заман шенділерінің қорқатындай жөні бар екендігін айта аламыз. Осындай наразылық құжаттары арқылы қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс үшін қалыптасып келе жатқан органы олар да көре бастаған-тын.

«Патшаның отыралау аппараты өзіне қызметке даярлаған түрлі мамандық иелері арасынан шыққан қазақ зиялылары елде жаңа сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылық, ұйымдастырған сипат беру жолдарын қарастырды», – деп ой білдірген ғалым М. Қойгелдиевтің тұжырымдамасымен де келіспеуге болмайды. Тарих беттерінен білетініміздей, қазақ топырағында алғашқы мерзімді басылымдардың жария көре бастауы осы XX ғасырдың басы болатын. Жұмысшы табының қалыптасуы мен кәсіпкерліктің қолға алынуы, отырықшылық өмір салты, жаңаша білім алуға деген құштарлықтың барлығы осы ғасыр басына сай келеді. Сондықтан «Қарқаралы

петициасының» ұйымдастырылып, оның маңыздылығын тарихтың оң бағалануы орынды.

Зарқын Тайшыбай қазақ даласындағы саяси күрестің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу еңбектерінде және оқулықтарда патша өкіметі жария еткен Манифестен кейін от алды деу шындықтан алшақтайтынын тілге тиек етеді. Ол 1905 жылдың қараша айында белең алған көрініс Қыр өлкесіндегі саяси күрестің екінші кезеңі, біріншісі Қоянды жәрмеңкесі жиынынан тараған петиция, деп пайымдайды.

Зерттеушілердің тұжырымдарын түйсіне отырып, біз қазақ топырағында саясаткерлік әрекеттердің белең алып, азаттың күрестің жолын таңдаған ұлттық демократиялық интеллигенцияның қалыптасу үдерісін көреміз.

Қарқаралы петициясында Мемлекеттік Дума мен жоғары билік органдарына қазақ депутаттарын сайлау мәселесі де айтылып, талаптар қойылды. Бұл – халықтың жоғын жоқтап, мұнын мұндайтын, көзі ашық, көкірегі ояу адамдардың бой көрсете бастағандығының білгісі болса керек. Петиция мәтінің әр сөзін, сөйлеміне терең үңілер болсақ, жазған адамдардың жүргізіліп отырған ішкі және сыртқы саясаттың әділсіздігін ашына, еш қаймықпастан, тіке айтуының өзі ұлтжандылықтың белгісі екендігін танытады. Мәтіндегі «...алты миллион қазақ халқын ерекше құқықсыз, заңсыз тобырға жатқызып қою – қарапайым ғана әділдік пен ақиқатқа қиянат емес пе?» деген сауал қойылудың өзі, көзі ашық, көкірегі ояу зиялы қауымның жазбасы екендігін мойындатады. Мәтінді құрастырушылар қазақ ұлтының өмір сүру салтында өзіндік айырмашылықтарды тілге тиек етіп, «кейбір ұлықтар ойлағандай дала кезіп, жөн-жосықсыз қаңғып жүрмейміз», – деген сөйлемнің астарын түсіне білген адамға (билік басындағыларға) ұлттың өзіндік құндылықтары мен дағдыларының бар екендігін мойындатады.

«Қазақтардың мүддесін кім қорғайды? Олардың мұң-мұқтажын кім біледі, халықтың өзі сайлаған өкілдері болмаса, сол халықтың тілегі мен қажетін өтеудің жолдарын кім көрсетеді?», – деген сауалдардың төңірегінде ұлттың жыртысын жыртатын сол ұлттан шыққан адам деген ұсынысты ашық қойып, ондай тұлғалардың бар екендігін құлаққағыс етеді. Осылайша сырттан билік жүргізіп отырғандардың жергілікті халық үшін ешқандай жанашырлығының болмайтынын алға тартады. Бұл – ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып отырған Патша ағзамға жіберген өтініш-талап.

Қазақ даласында өздерін «қожайындай» көріп жүрген ресейлік шенеуніктер петиция жолдаушылардың ізін аңдап, жолдарын кесуге тырысты. Оның бір дәлелін Семей облысындағы әскери губернатордың Дала генерал-губернаторына жолдаған хатынан көруге болады. Ол 1905 жылдың 19 маусымында: «Қырғыздардың петиция жолдап, талап қоюларына жол беруге болмайды», – деп жазады [5,142].

Семей губернаторының Дала генерал-губернаторына жолдаған хатында сол кездері бой көрсете бастаған Ә. Бөкейханов, Ж. Ақбаев, А. Байтұрсынов сынды азаматтардың қызметін өкіметке қарсы саяси сипатта суреттеудің өзіндік түсініктемесін көруге болады. Бас көтерушілердің жолын кеспек болған ресейлік саясат оларды бір топқа біріктіріп, «...айқын залалды мақсат тұтқан, оның негізінде қазақ бұқарасына үкіметке қарсы наразылық сеуіп, әкімшілікке деген дұшпандылыққа бейімдеуге ұмтылған», деп көзқарастары ортақ ұйым ретінде көрсетуге тырысады. Ондағы мақсат, біріншіден, билеуші жақтың ұлт зиялыларын жазалау арқылы халықтың бас көтеруіне тосқауыл қою болса, екіншіден, қазақ даласында пәрменді саяси күштің қалыптасып келе жатқанын мойындау еді [6].

Зерттеушілердің еңбектерінен Қарқаралы өтініш-талабы Ресейдің патшасына ғана жіберілмегендігін, сондай-ақ жариялау үшін «Сын Отечества» және «Русские ведомости» сияқты мерзімді басылымдарға да жолданғанын білеміз.

«1905 жылғы 22 шілде күні петицияның бір нұсқасын Темірғалы Нұрекенов орыс тіліне аударып, Ішкі істер министрінің атына жіберді. Петицияның бұл нұсқасы барынша толық еді. Ол 47 тармақтан тұратын. Петицияның мазмұны қазақ қоғамының ХХ ғасырдың бас кезіндегі өмірлік маңызы бар күрделі проблемаларын толық қамтыды» [7, 352].

Қарқаралы петицисы қазақ қоғамының ұлттық мүддесін білдіреді. Оны тарихшы М.Қойгелдиевтің мына тұжырымдамасынан көруге болады: «...діни сенімдерді атқаруда, оқу ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою; ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу; қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал – цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұхсат беру, жаппай қоныстану қарқынының күшейіп, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан жерлерді олардың заңды меншігі екендігін мойындау; мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою, т.с.с.» [5, 141].

Тарих қойнауында қалған Қарқаралы петициясының құндылығы оның қазақ халқының абыройы мен құқықтарын қорғауға бағытталғандығында. Жылдан-жылға билеп-төстеу әрекеттерін күшейте түскен отарлау саясатының ызғары жергілікті халықты мезі етті. Жаншылған халық еңсесін көтеруге тырысты.

Елді жаншып келген отарлау саясатына қарсы бас көтеру, мемлекеттік органдар мен биліктің назарына петициялар жолдау қазақ халқының саяси сана-сезімінің ояна бастағандығының, халықтың өз құқықтарын қорғауға қабілеттілігін көрсетті. Бұл жолы қазақ жерінде әділдік орнай қоймаса да, отарлаушы жақ жергілікті бұқарадан қаймыға бастады. Кейін Ресейдің Мемлекеттік Думаларына депутат болып қазақтар да сайланды. Араға жылдар салып мақсаттары бір, тілектері ортақ адамдар тобының ұйысуынан алашкөсемдері қалыптасып, Алашорда үкіметін құру саясатына дейін жеткізілді. Ұлттық күрестің бейбіт жолын таңдаған зиялылар халықтың билік үшін күреске әлі дайын еместігін біліп, кертартпа саясатты іштен бұғақтауға тырысты. Өз наразылықтарын білдіре отырып, халықты күреске дайындады. Осыдан кейін бірнеше газет-журналдардың жарыққа шығарылуы, бірлік пен ынтымақтастықты бірте-бірте қалыптастырудың жолы болды.

Қорытынды

ХХ ғасырдың басында ұлттың болмысын, жері мен байлығын сақтап қалу үшін өз өмірлерін қиындықтар мен қасіретке байлаған алаштықтардың көксеген ойлары сол кезде жүзеге аспаса да, араға ондаған жылдар салып, мақсат-мұраттарға жеттік. Бүгінгі Қазақстанның көгінде егемендік туы желбіресе, соның жолында жанпидалық күй кешкен ұл-қыздарымыздың арман-тілектерінің орындалғаны.

Әдебиет:

1. Міржақып Дулатұлы: «Чиновниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, ойына келгенін істеді». «Алаш айнасы» газеті. 8.02.2016. https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/mrjakyip-dulatulyi-chinovnikter-kedey-kazaktardy-uryip-sogyip-oyyina-kelgenn-80023/
2. Қойгелдиев М. Ояңған сана үні. «Ана тілі» газеті. 1990 ж., 12 сәуір.
3. Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат. «Ақиқат» журналы. 2003 ж. №8. 78-84 б.

4. Тайшыбай З. «Ұлтымызды кемсітуге көнбейміз». Абай-ақпарат.
<https://abai.kz/post/4392>
5. Мәмбет Қойгелдиев. Ұлттық саяси элита. Алматы. Жалын баспасы. 2004 ж. 141 бет.
6. Н. Бейсембекова, Е. Қадашұлы. 1905 жыл. «Қарқаралы петициясы». «Орталық Қазақстан» газеті. 01.10.2016. <https://ortalyq.kz/1905-zhyl-ar-araly-petitsiyasy/>
7. Қазақстан тарихы. (XVIII ғасыр – 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. / Алматы: Атамұра, 2008. – 352 бет.
8. Смағұлова С. Қарқаралы петициясы. Қазақ тарихы журналы. 1996 ж. №1.

Әдебиет:

1. Mirzhakup Dulatuly: «Chinovnikter kedej kazaktardy ҧryp-soғyp, ojyna kelgenin istedi». «Alash ajnasy» gazeti. 8.02.2016. https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/mrjakyip-dulatulyi-chinovnikter-kedej-kazaktardy-uryip-sogyip-ooyina-kelgen-80023/
2. Қойгелдиев М. Оуанған сана үні. «Ана тили газеті. 1990 zh., 12 säuir.
3. Тајшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат. «Ақиқат» zhurnaly. 2003 zh. №8. 78-84 better.
4. Тајшыбай З. «Ұлтымызды кемсітуге көнбејміз». Абай-ақпарат.
<https://abai.kz/post/4392>
5. Мәмбет Қойгелдиев. Ұлттық саяси элита. Алматы. Жалын баспасы. 2004 zh. 141 bet.
6. N. Bejsembekova, E. Kadashuly. 1905 zhyl. «Қарқаралы петициясы». «Орталық Қазақстан» газеті. 01.10.2016. <https://ortalyq.kz/1905-zhyl-ar-araly-petitsiyasy/>
7. Қазақстан тарихы. (XVIII ғасыр – 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. / Алматы: Атамұра, 2008. – 352 бет.
8. Смағұлова С. Қарқаралы петициясы. Қазақ тарихы журналы. 1996 zh. №1.

DOI 10.54596/2309-6977-2022-1-84-89

УДК 82-1

МРНТИ 17.82.10

МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ОБРАЗЫ В «СТИХОТВОРЕНИЯХ В ПРОЗЕ»

И.С. ТУРГЕНЕВА

Грунь А.В., Жаксылыкова А.Н.

Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Ещё в начале XX века лингвисты отметили рост интереса писателей к мифологии, что сподвигло их к более подробному изучению данного феномена. Хотя следы мифологии можно найти на протяжении всей истории мировой литературы. Ведь мифологические мотивы способствовали созданию образов, тем и сюжетов известных всему миру. Мифологическая основа литературного произведения – это высшая ступень интертекстуальности и культурное погружение читательского воображения в литературную канву художественного произведения. Через анализ мифологических образов раскрываются дополнительные авторские смыслы и идейную задумку любого писателя. И.С. Тургенев в выборе эмоционально-окрашенной лексики очень скуп, но тем ценнее его яркие образы, порой перерастающие в символы. «Стихотворения в прозе» не изучены в литературоведческом мире с точки зрения мифотектоники, что обуславливает актуальность исследования. В статье рассматриваются образы Геркулеса, старухи и мухи, которые берут свои истоки из античной, славянской и восточной мифологии.

Ключевые слова: миф, мифологический образ, античная мифология, славянская мифология, восточная мифология.

И.С. ТУРГЕНЕВ ПРОЗА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МИФОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕЛЕРІ

Грунь А.В., Жаксылыкова А.Н.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

20-ғасырдың басында-ақ тіл мамандары жазушылардың мифологияға деген қызығушылығының артқанын атап өтті, бұл оларды бұл құбылысты толығырақ зерттеуге итермеледі. Мифологияның іздерін әлем әдебиетінің бүкіл тарихында кездестіруге болады. Өйткені мифологиялық мотивтер бүкіл әлемге белгілі образдардың, тақырыптар мен сюжеттердің жасалуына ықпал етті. Әдеби шығарманың мифологиялық негізі – көркем шығарманың әдеби кенепіне оқырман қиялының мәдени сіңуі және интертекстуалдылықтың ең жоғары деңгейі. Мифологиялық образдарды талдау арқылы кез келген жазушының қосымша авторлық мәні мен идеялық идеясы ашылады. И.С. Тургенев эмоционалды боялған лексиканы таңдауда өте сараң, бірақ оның кейде символдарға айналатын жарқын бейнелері одан да құнды. «Прозадағы өлеңдер» әдеби ортада мифотектоника тұрғысынан зерттелмеген, бұл зерттеудің өзектілігін айқындайды. Мақалада ежелгі, славян және шығыс мифологиясынан шыққан Геркулес, кемпір мен шыбын бейнелері қарастырылады.

Түйінді сөздер: миф, мифологиялық образ, ежелгі мифология, славян мифологиясы, шығыс мифологиясы.

MYTHOLOGICAL IMAGES IN PROSE POEMS by I.S. TURGENEV

Grun A.V., Zhaxylykova A.N.

M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan

Abstract

As early as the beginning of the 20th century, linguists noted the growing interest of writers in mythology, which prompted them to study this phenomenon in more detail. Although traces of mythology can be

found throughout the history of world literature. After all, mythological motifs contributed to the creation of images, themes and plots known to the whole world. The mythological basis of a literary work is the highest level of intertextuality and the cultural immersion of the reader's imagination into the literary canvas of a work of art. Through the analysis of mythological images, additional authorial meanings and the ideological idea of any writer are revealed. I.S. Turgenev is very stingy in choosing emotionally colored vocabulary, but his vivid images, sometimes developing into symbols, are all the more valuable. "Poems in prose" have not been studied in the literary world from the point of view of mythotectonics, which determines the relevance of the study. The article deals with the images of Hercules, an old woman and a fly, which take their origins from ancient, Slavic and Eastern mythology.

Key words: myth, mythological image, ancient mythology, Slavic mythology, Eastern mythology.

Введение

Мифология – это основа древнего мира, имеющая огромную и достаточно продолжительную историю. Миф, по литературному энциклопедическому словарю - создание «коллективной общенародной фантазии», он отражает действительность обобщенно в виде «чувственно - конкретных персонификаций», «одушевленных существ», которые предполагаются «первобытным сознанием вполне реальным» [1, 222].

Л. Тимофеев определяет миф как «сказание», которое передает «верования и представления людей в древности о происхождении мира и жизни на земле, явлениях природы, о богах и сказочных героях» [2, 87].

Методы исследования

Мифологические образы имеют место в творчестве писателей многих народов мира, следовательно, можно утверждать, что литература и мифология тесно взаимодействуют друг с другом.

Миф занимает особое место и в творчестве И.С. Тургенева. Это можно проследить во многих его произведениях, например в романе «Отцы и дети»: Иван Сергеевич использует дефиницию «пенаты», которые в древнеримской мифологии обозначали богов-хранителей домашнего очага; «диоскуры» - в античной мифологии братья – близнецы, являющиеся примером дружбы и братской любви. В этой связи Ю.В. Лебедев отмечает, что «...поэтическое чувство природы у Тургенева развивается в русле национального мифопоэтического мышления: просыпаются спящие в словах древние смыслы, придающие картине природы яркую поэтическую образность...», также отмечает, что «...Тургенев будит застывшие в языке народные предания и поверья, легко касается мифологических первооснов национальной памяти» [3].

К.В. Лазарева размышляет о вопросе, каким образом миф усваивался И.С. Тургеневым и приходит к следующим выводам: «Фольклор без сомнения был тем каналом, через который миф, возможно, бессознательно усваивался писателем», также добавляет, что «миф усваивался Тургеневым и через культуру романтизма, а именно: с одной стороны, через посредника в лице романтической литературы, которая в свою очередь художественно осваивала фольклор и мифологию; с другой, - через идеи немецких философов, в частности Шеллинга, в чьих трудах романтическая философия мифа получила свое завершение» [4]. Особо отмечает, что «познания в области мифологии, в частности европейской, славянской, приобретались им также из научных работ своего времени, для которого был характерен огромный интерес к мифу» [4].

Тургеневские прозаические стихотворения – это труд, в котором автор изложил все свои мысли, взгляд человека на прожитую жизнь. В них передано самое сокровенное, личное, как признавался сам автор «интимное». Он долгое время не хотел

